


PP-100N

EPSON®
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы

M00113700KK

Disc producer™



Seiko Epson Corporation жазбаша рұқсатынсыз, бұл жарияланымның ешқандай бөлігін қайта шығаруға, іздеу жүйесінде сақтауға немесе қандай да бір түрде немесе қандай да жолмен: электрондық, механикалық, фотокөшіру немесе басқа жолмен жіберуге болмайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты пайдалануға қатысты ешқандай патентті міндеттеме қарастырылмаған. Осы нұсқаулықты дайындауда барлық сақтық шаралары қабылданғанымен, Seiko Epson Corporation компаниясы жіберілген қателер үшін жауапкершілік артпайды. Осы құжаттамада берілген ақпаратты қолданудан орын алған зақымдар үшін ешқандай жауапкершілік қарастырылмаған.

Seiko Epson Corporation компаниясы да, оның бөлімшелері де жазатайым оқиға, дұрыс емес пайдалану, осы өнімді басқа мақсатта қолдану немесе тыйым салынған өзгерістерді енгізу, жөндеу жұмыстарын жасау, қайта құру немесе (АҚШ-ты қоспағанда) Seiko Epson Corporation компаниясының пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын қатаң қадағаламаған жағдайлардың нәтижесінде сатып алушылар не үшінші тараптан орын алған зақымдар, жоғалтулар, шығындар немесе шығыстар үшін осы өнімнің сатып алушысы немесе үшінші тараптан алдында жауапты болмайды.

Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалы Epson өнімдерін немесе Seiko Epson Corporation арқылы Epson мақұлдаған өнімдерден басқа кез келген опцияларды немесе қандай да бір тұтынылатын өнімдерді пайдаланудан орын алатын кез келген зақымдар немесе ақаулықтар үшін жауап бермейді.

ХАБАРЛАНДЫРУ: Осы нұсқаулықтың мазмұнын алдын-ала ескертусіз өзгертуге болады.

©Seiko Epson Corporation 2019. Барлық құқықтар сақталған.

Сауда белгілері

- Microsoft, Windows, Windows Server және Internet Explorer - АҚШ және/немесе басқа мемлекеттерде Microsoft Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.
- Intel және Pentium — Intel Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- Google Chrome — Google Inc. компаниясының сауда белгісі.
- Firefox® — Mozilla Foundation компаниясының тіркелген сауда белгісі.
- Adobe және Illustrator - Adobe Systems Incorporated компаниясының сауда белгілері.
- EPSON — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі.
- Exceed Your Vision — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады және тек айқындау мақсатында пайдаланылады.

Бұл нұсқаулықта пайдаланылған белгілер

Бұл нұсқаулықта маңызды ақпаратты көрсету үшін келесі белгілер пайдаланылған.



Осы өнімді пайдаланғанда орындалуы керек ақпаратты көрсетеді. Бұл ақпаратты елемей және өнімді қате қолдану оның ақаулығына не бүлінуіне апарып соғуы мүмкін.

Ескертпелер

Білуіңіз керек қосымша түсініктемелер не ақпаратты көрсетеді.

Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар

Ортаңызға байланысты осы нұсқаулықта берілген экран суреттері нақты экрандардан өзгешеленуі мүмкін. Дегенмен, осы нұсқаулықта сипатталған процедураларды пайдалана аласыз.

Осы нұсқаулықтың ұйымдастырылуы

Осы өнім ішінде келесі нұсқаулықтар қамтылған.

PP-100N орнату нұсқаулығы	Осы өнімді орнату әдісін суреттермен бірге қысқаша түсіндіреді. Толық ақпаратты PP-100N әкімші нұсқаулығынан қараңыз.
PP-100N пайдаланушы нұсқаулығы (PDF)	Пайдаланушылардың білуі қажет бағдарламалық жасақтаманы, өнім функцияларын және операцияларын орнату жолы сияқты толық ақпарат, сонымен қатар техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат берілген.
PP-100N әкімші нұсқаулығы (PDF)	Осы өнімді орнату, қолдану және басқару үшін қажетті ақпаратты көрсетеді. Сонымен қатар, ол түрлі ақаулықтарды жою әдістерін сипаттайды. Ол Discproducer Utility & Documents Disc дискісінде қамтылған.

Мазмұны

Сауда белгілері.....	2
Бұл нұсқаулықта пайдаланылған белгілер	2
Осы нұсқаулықтағы экрандар мен процедуралар	3
Осы нұсқаулықтың ұйымдастырылуы.....	3

Бұл өнімді пайдаланбас бұрын 7

■ Қауіпсіз қолдану үшін	7
Қуат көзіне қатысты сақтық шаралары	9
Пайдалануға арналған сақтық шаралары.....	10
■ CD/DVD дискілері үшін сақтық ескертулер	12
■ Бұл өнімді қолдану мақсаты.....	12
■ Осы өнімді пайдалану себебінен туындайтын кездейсоқ жоғалту	12
■ Пайдалану шектеулері.....	12
■ Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясы	12

Бөлшек атаулары мен функциялары 13

■ Көрсеткіш шамының дисплейін пайдаланып осы өнімнің күйін тексеру	16
■ Негізгі әрекеттер	17
Қуатты қосу.....	17
Қуатты өшіру	18
Диск қақпағын құлыптан босату	19
Диск қақпағын ашу	20
Диск қақпағын жабу	20
Жинақтауыштарды ұстау	21

Дайындау..... 24

■ Бағдарламалық жасақтаманы орнату.....	24
Орнату алдында	24
Орнату	27

■ Өнімді тіркеу	32
■ Пайдаланушы ақпаратын тексеру және өзгерту.....	35
Пайдаланушы ақпаратын тексеру	35
Пайдаланушы ақпаратын өзгерту.....	36
Құпия сөзді өзгерту.....	37
■ Тапсырманың аяқталуы туралы хабарландыру параметрі	38
■ Бағдарламалық жасақтаманы жою	40

Қолданбаларды пайдалану 42

■ EPSON Total Disc Maker.....	42
EPSON Total Disc Maker деген не?.....	42
EPSON Total Disc Maker іске қосу	42
EPSON Total Disc Maker анықтамасын көрсету ...	43
EPSON Total Disc Maker экран конфигурациясы	44
■ EPSON Total Disc Setup	46
EPSON Total Disc Setup деген не?	46
EPSON Total Disc Setup іске қосу.....	46
EPSON Total Disc Setup анықтамасын көрсету....	47
EPSON Total Disc Setup экран конфигурациясы	48
■ EPSON Total Disc Monitor	52
EPSON Total Disc Monitor деген не?.....	52
EPSON Total Disc Monitor іске қосу.....	52
EPSON Total Disc Monitor анықтамасын көрсету	53
EPSON Total Disc Monitor экран конфигурациясы	54
■ EPSON Total Disc Net Administrator	57
EPSON Total Disc Net Administrator деген не?	57
EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру	57
EPSON Total Disc Net Administrator жүйесінен шығу	58
EPSON Total Disc Net Administrator анықтамасын көрсету	58
EPSON Total Disc Net Administrator экран конфигурациясы	59

Принтер драйверін пайдалану әдісі 64

- Принтер драйвері деген не? 64
- Принтер драйверінің экранын көрсету 64
 - EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан көрсету 64
 - EPSON Total Disc Setup бағдарламасынан көрсету 65
 - [Бастау] мәзірінен көрсету 66
- Принтер драйверін орнату 67
 - [Main] экраны 67
 - [Utility] экраны 69
- Принтер драйвері туралы негізгі ақпарат... 70
- Принтер драйверінің анықтамасын көрсету 73

Дискілерді жариялау 74

- Жариялау режимдерінің түрлері 74
 - Стандартты режим 74
 - Сыртқы шығыс режимі 75
 - Топтама режимі 76
- Үйлесімді диск түрлері 77
 - Дискінің басып шығарылатын түрлері 77
 - Дискінің жазылатын түрлері 78
- Дискілерді қолдану 79
 - Пайдалану туралы ескертпелер 79
 - Сақтау туралы ескертпелер 80
- Басып шығарылатын аймақ 81
 - Басып шығару аймағын өзгерту 82
- Дискілерді жариялауға арналған ағын 87
 - Дисктерді жүктеу 88
 - Жазу дерегін тіркеу 90
 - Жапсырмаларды жасау 94
 - Дискілерді жариялау 106
 - Дискілерді шығару 109
- Тапсырма операцияларын орындау 111
 - Тапсырма ақпаратын тексеру 111
 - Тапсырманы өңдеу күйін тексеру 112
 - Кідірілген тапсырмалар 113
 - Тапсырмаларды жалғастыру 114
 - Тапсырмаларды болдырмау 115
 - Басымдық бойынша жариялау 116

- Қолайлы мүмкіндіктер 117
 - Жеке кескіндерді пайдаланып затбелгілерді жасау 117
 - Жапсырма үлгілерін жасау 120
 - Көшірмелерді тікелей дискілерден жасау 121
 - Диск кескіні файлдарынан көшірмелер жасау 123
 - Дәл сол дискілерді жарияланған дискілер ретінде жасау 125
 - Басып шығару түстерін баптау 129
 - Заттаңбаларды басып шығару/біріктіру функциясын пайдаланып деректерді жазу 131

Техникалық қызмет көрсету 146

- Техникалық қызмет көрсету ақпаратын тексеру 146
 - Құрылғы ақпаратын тексеру 146
 - Операциялар журналын жүктеп алу 147
- Сия картридждерін ауыстыру 148
 - Сия деңгейін тексеру 148
 - Сия картридждерін ауыстыру 149
- Басып шығару басының шүмектерін тексеру 152
 - Шүмек тексерісін орындау жолдары 152
 - Шүмек тексерісінің нәтижелерін тексеру 154
- Басып шығару бастиегін тазалау 155
 - Басып шығару бастиегін тазалау жолы 156
- Басып шығару бастиегін туралау 158
- Басып шығару позициясын түзету 160
- Өнімді тазалау 163
 - Сыртқы бөлігін тазалау 163
 - Ішкі бөлігін тазалау 163
 - Желдеткіш саңылауларын тазалау 164
- Сия тақтасын ауыстыру 166
 - Сия төсемінің ауыстыру қажеттігін қалай тексеруге болады 166
- Өнімді тасымалдауға арналған сақтық шаралары 167

Ақаулықтарды жою 169

- Қате туралы хабарлар және түзету жұмыстары 169
- Ақаулықтар мен оларды түзету жолдары 174
 - Қуат/басқару панелінің ақаулықтары.....174
 - Дискінің жазу ақаулықтары176
 - Жапсырманы басып шығару ақаулықтары177
 - Құпия сөз ақаулықтары179
 - Басқа ақаулықтар179
- EPSON Total Disc Monitor көмегімен тексеру 181
- Дискілерді жариялау мүмкін емес кезде... 183

Қосымша 185

- Өнім сипаттамалары 185
 - Негізгі сипаттамалар.....185
- Сия және диск 190
 - Сия картридждері190
 - Дискілер190


Бұл өнімді пайдаланбас бұрын

Қауіпсіз қолдану үшін



- Бұл өнімді қауіпсіз түрде пайдалану үшін, өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты, сонымен қатар, бұл өніммен бірге берілетін басқа да нұсқаулықтарды оқып шығыңыз.
- Бұл өнімге қатысты кез келген сұрақтың жауабын табу үшін нұсқаулықты қолжетімді жерде ұстаңыз.

Тұтынушылардың немесе басқа адамдардың жарқаттанбауы үшін немесе мүлікті зақмдамау үшін қауіпті операциялар мен қолданысқа арналған таңбалар мен ескерту дисплейлері осы нұсқаулықта көрсетілген. Осы ақпаратпен мұқият танысқаннан кейін, нұсқаулықты оқыңыз.

 ЕСКЕРТУ	Егер бұл дисплей елеусіз қалып, өнім дұрыс қолданылмаса, адам өліміне немесе ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.
 САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ	Егер бұл дисплей елеусіз қалып, өнім дұрыс қолданылмаса, дене жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болуы мүмкін.

	Орындамау қажет (тыйым салынған) әрекетті білдіреді.		Орындау керек элементтерді (нұсқауды, әрекетті) білдіреді.
	Бөлшектеуге тыйым салынғанын білдіреді.		Ашаны ұяшықтан ажырату қажеттілігін білдіреді.
	Өнімді ылғал қолмен ұстауға тыйым салынғанын білдіреді.		Өнімді жерге тұйықталған қуат сымымен пайдалану керектігін білдіреді.
	Өнімді суға тигізбеу керектігін білдіреді.		

Өнімді төмендегідей орындарға орнатыңыз.

Тегіс және тұрақты жер	Температурасы мен ылғалдығы төменде көрсетілгендей жер
	 ☀️ 10~35°C 💧 20~80%

- Бұл өнімді статикалық электр тогы оңай пайда болатын жерде, статикалық электр тогының алдын алу үшін антистатикалық төсем немесе басқа да өнімді пайдаланыңыз.



- Өнімнің негізгі бөлігінен тар жерге орнатпаңыз.

Өнімнің түбіндегі резина негіздері өнім тұрған беттен ұзын болса, ол өнімнің ішкі механизмдеріне күш түсіріп, диск жазуға, басып шығаруға немесе тасымалдауға кері әсерін тигізуі мүмкін. Өнімнің негізгі бөлігіндегі аяқтар нық тұратындай, өнімнің енінен кең, тегіс бетте орнатыңыз.



ЕСКЕРТУ

Өнімнің ауа желдеткіштерін бұғаттамаңыз.

Ауа желдеткіштерін бұғаттау жылудың жиналып, өрттің шығуына себеп болады.

Төменде көрсетілген орындарға орнатпаңыз.

- Шкаф немесе кітап сөресі сияқты ауа айнылымы нашар кеңістіктер
- Кілем немесе төмектің үсті

Өнімді қабырғаның жанына қойсаңыз, өнімнің арты мен қабырғаның арасында 10 см-ден асатын орын қалуы қажет. Диск қақпағын ашып, жабу үшін өнімнің алдында жеткілікті орын қалдырыңыз.



Алкоголь немесе бояу еріткіші сияқты ұшатын заттар тұрған жерге немесе оттың жанына орнатпаңыз.

Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады.



САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ

Тұрақсыз (шайқалатын немесе еңіс беткей), балалардың қолы жететін немесе басқа машиналардың ықпалынан дірілдейтін жерге орнатпаңыз немесе сақтамаңыз.

Жарақаттануға себеп болатын түсіп кету немесе құлау қаупі бар.



Ылғалдығы немесе шаң деңгейі шамадан тыс жерлерге, су боп қалу қаупі бар, тікелей күн сәулесі түсетін, температура мен ылғалдық күрт өзгертін жерге немесе жабық жылыту немесе суыту құрылғыларының ішіне орнатпаңыз.

Электр тогының соғу, өрт шығу өнімнің дұрыс істемеу және ақаулық пайда болу қаупі бар.



Қуат көзіне қатысты сақтық шаралары

 ЕСКЕРТУ	Қуат ашасын су қолыңызбен ажыратпаңыз. Ол электр тогының соғуына себеп болады. 
	Өнімнің затбелгісінде көрсетілген қуат көзі түрін ғана пайдаланыңыз. Сәйкес келмейтін қуат көзін пайдалану электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. 
	Көптеген қуат сымдары жалғанған розеткаға өнімнің қуат сымын жалғамаңыз. Ол қызудың жиналуына немесе өрттің шығуына себеп болады. 
	Зақымдалған қуат сымдарын пайдаланбаңыз. Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. Қуат сымы зақымдалған болса, жөндеу жұмыстарына қатысты дилерге хабарласыңыз. Қуат сымын пайдалану кезінде төменде көрсетілгендерді қарап шығыңыз. • Қуат сымын өзгертпеңіз • Қуат сымының үстіне ауыр заттарды қоймаңыз • Қуат сымын бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе күшпен тартпаңыз • Жылытқыш құрылғыларды жанына қоспаңыз 
	Қуат сымын пайдаланғанда абай болыңыз. Дұрыс пайдаланбау өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Шаң басқан немесе басқа да заттары бар қуат көзіне қосылған күйде қалдырмаңыз Қуат тығынының ашасын толығымен нық енгізіңіз. 
	Қуат тығынын розеткадан ажыратқан кезде, қуатты өшіріңіз және тартқан кезде, тығынды ұстап тартыңыз. Қуат сымын созатын болсаңыз, ол зақымдалып, электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. 
	АТ қуат сымы қатысты жергілікті қауіпсіздік стандартына сай екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, осы өніммен бірге берілген қуат сымын басқа құрылғылармен пайдаланбаңыз. Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. 
	Қауіпсіздік мақсатында, қуат сымының жерге тұйықтаңыз. Өніммен бірге берілген қуат сымы - жерге тұйықталған қуат жүйесі бар 3 контактілі кабель, жерге тұйықтағышпен розеткаға қосып, жерге тұйықтаңыз. 
	Қуат тығынын розеткадан жүйелі түрде шығарып тұрыңыз және ашаның негізгі бөлігін және екі аралықты тазалаңыз. Қуат тығынын розеткаға қосулы күйінде ұзақ уақыт бойы қалдырсаңыз, қуат тығыны ашаларының негізгі бөлігін шаң басып, қысқа тұйықталуға немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. 

 САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ	Қауіпсіздік мақсатында, өнімді ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат тығынын розеткадан ажыратып қойыңыз.	
--	--	---

Пайдалануға арналған сақтық шаралары

 ЕСКЕРТУ	Түтін, бөтен иіс немесе дыбыс сияқты қалыпсыз жағдайларда пайдалануды доғарыңыз. Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. Дереву қуатты өшіріп, қуат тығынын розеткадан шығарыңыз және жөндеу мәселесі бойынша дилеріңізге немесе Epson жөндеу орталығына хабарласыңыз. Өнімді өз бетіңізше жөндеу өте қауіпті, сондықтан жөндеуге әрекеттенбеңіз.	
	Өнімге, сырттан су немесе басқа да сұйықтықтар кіріп кетсе, ары қара өнімді пайдаланбаңыз. Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады. Дереву қуатты өшіріп, қуат тығынын розеткадан шығарыңыз және жөндеу мәселесі бойынша дилеріңізге немесе Epson жөндеу орталығына хабарласыңыз.	
	Өнімге өзіңіз қызмет көрсетуге талпынбаңыз. Ол жарақат алуға, электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.	
	Өнімнің ішінде немесе айналасында жанғыш газ бүріккіштерін пайдаланбаңыз. Газ жиналып, ұшқыннан өрттің пайда болу қаупі бар.	
	Өнімге кабельдерді (сымдарды) нұсқаулықта көрсетілгеннен басқаша қосуға әрекеттенбеңіз. Бұл өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, жалғанған құрылғылар зақымдануы мүмкін.	
	Ауа желдеткіштеріне немесе басқа да ашық саңылауларға металл немесе жанғыш заттарды салмаңыз. Ол электр тогының соғуына немесе өрттің шығуына себеп болады.	
 САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ	Өнімнің үстіне шықпаңыз немесе ауыр заттар қоймаңыз. Тұрмыстық жағдайларда, әсіресе, кішкентай балаларға абай болыңыз. Құлап, шағылуына байланысты жарақаттауы мүмкін.	
	Кабельдің көмегімен өнімді компьютерге (немесе басқа құрылғыларға) жалғау кезінде, коннекторды дұрыс бағыттаңыз. Кабельдердің бұр коннекторлары ерекше бағдарға ие. Бағдарланған коннекторларды өнім мен компьютердің (немесе басқа құрылғылардың) екеуіне де қате жалғасаңыз, ол жалғанған екі құрылғының да дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болады.	

	Ethernet интерфейсінің коннекторына телефон желісін жалғамаңыз. Ол телефон желісінің немесе осы өнімнің зақымдалуына себеп болуы мүмкін. 
	Бұл өнімді сақтау немесе тасымалдау кезінде, оны еңкейтпеңіз, тік күйде немесе төңкерілген күйде қоймаңыз. Өнімді тасымалдау кезінде, сыртқы әсерді болдырмау үшін, өнімді өзінің түпнұсқа қаптамасына салыңыз. 
	Қауіпсіздік мақсатында, бұл өнімді жылжитатын болсаңыз, алдымен, қуаттың өшіп тұрғанына, қуат тығынының розеткадан ажыратылғанына және басқа да сымдардың ажыратылғандығына көз жеткізіңіз. 
	Сия картридждерін ауыстыру кезінде, сия көзіңізге немесе теріңізге тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Көзіңізге тамып кетсе, дереу таза сумен шайыңыз, ал теріңізге тиген дергі сабындап жуыңыз. Әйтпесе, сіз қанның қан тамырына немесе жұмсақ қабынуға ұшырауы мүмкін. Мәселе туындаған жағдайда, бірден дәрігерге көрініңіз. 
	Сия толтыру үшін сия картридждерін бөлшектемеңіз. 
	Қатты шайқаған жағдайда, сия картридждерінен сия ағуы мүмкін. Қатты шайқаған жағдайда, сия картриджінен ағуы мүмкін. 
	Сия картридждерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сондай-ақ, сиы жұтуға болмайды. 

CD/DVD дискілері үшін сақтық ескертулер

Бұл өнімді пайдаланбас бұрын, оның дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін, операциялық тексеріс орындаңыз. Сонымен қатар, басқа дерек тасығышқа CD/DVD дискілеріндегі деректің резервтік көшірмесін жасаңыз. Дерек келесідей жағдайларда зақымдалып, жоғалуы мүмкін:

- Статикалық электр тогы немесе электрлік шуыл болғанда
- Дұрыс емес пайдаланған кезде
- Дұрыс жұмыс істемей тұрғанда немесе жөндеу кезінде
- Табиғи апаттарға байланысты зақымдалғанда

Кепілдік мерзімі әлі өтпегенмен, жоғарыда айтылғандардан басқа да себептерге байланысты жоғалған немесе зақымдалған дерек үшін Epson компаниясы жауап бермейді.

Бұл өнімді қолдану мақсаты

Бұл өнім кәсіби саудалық қолданыс үшін арналған, үй қолданысына арналмаған.

Осы өнімді пайдалану себебінен туындайтын кездейсоқ жоғалту

Егер осы өнім себебінен жинаққа кіретін бағдарламалық жасақтаманы қосқанда қандай да бір нәрсе жоғалса және оны алу мүмкін болмаса, осы фактіден туатын кездейсоқ шығындарды және осы өнімді пайдалану арқасында жоғалған пайданы өтей алмаймыз.

Пайдалану шектеулері


Бұл өнім авиация, теміржол, теңіздік, автомобильдік және т.б. апаттан сақтану құрылғылары; әртүрлі қауіпсіздік құрылғыларына қатысты тасымалдау құралдары сияқты жоғары сенімділік / қауіпсіздікті қажет ететін қолданбалар үшін пайдаланған кезде, қауіпсіздікті және жалпы жүйе сенімділігін сақтау үшін, дизайныңызға қатысты сенімділік пен артықтықтың қосылуын ескергеннен кейін ғана өнімді пайдалану қажет. Бұл өнім аэрокосмостық жабдық, басты байланыс жабдығы, атомдық энергияны басқару жабдығы немесе тікелей медициналық күтімге қатысты медициналық жабдық, т.б. секілді аса жоғары сенімділікті/қауіпсіздік қажет ететін қолданбаларда пайдаланылуға арналмағандықтан, ондай жағдайда толық бағалау жүргізіп, өнімнің сәйкестігі бойынша өзіңіздің жеке шешіміңізді жасаңыз.

Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясы

Бұл өнім Epson компаниясының меншікті бағдарламалық жасақтамасымен қоса, ашық бағдарламалық жасақтама пайдаланады. Бұл өнімде пайдаланылған ашық бағдарламалық жасақтама тізімі, сондай-ақ, сол бағдарламалық жасақтаманың лицензия шарттары туралы, өніммен бірге берілетін Discproducer Utility & Documents Disc дискісіндегі *Ашық бағдарламалық жасақтама лицензиясының келісімінен* таба аласыз.


Бөлшек атаулары мен функциялары

Алды




1	Басқару панелі
Бұл өнімді (PP-100N) басқару үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар, ол өнімнің күйін және мәзірлерді көрсетеді. Басқару панелі туралы мәліметтерді үшін бұл нұсқаулықтың 15-бетіндегі "Басқару панелі" бөлімінен қараңыз.	
2	Сия картриджінің қақпағы
Сия картридждерін салу және ауыстыру үшін ашыңыз.	
3	Диск қақпағының құлпы
Диск қақпағын құлыптау және құлыптан босату үшін диск қақпағының кілтін пайдаланыңыз (қауіпсіздік құлпы қосқышы қосулы болғанда).	
4	Қуат түймесі
Өнімді қосу және өшіру үшін пайдаланыңыз.	
5	Диск қақпағы
Дисктерді жүктегенде немесе шығарғанда ашыңыз.	

Арты




1	Ethernet интерфейсінің коннекторы
Ethernet кабелін осы коннекторға жалғаңыз.	
2	АТ кірісі
Қуат сымын осы коннекторға жалғаңыз.	
3	Артқы принтер қақпағы
Диск принтер науасында тұрып қалған кезде, тек осы қақпақты ашыңыз.	
4	Қауіпсіздік науасы
Сатып алуға болатын ұрлыққа қарсы сымды бекітуге мүмкіндік береді.	
5	Желдеткіш саңылаулары
Температураның көтерілуіне жол бермеу үшін, осы өнімнің ішінде жиналған жылуды жою. Желдету үшін өнімнің артқы жағы мен қабырға арасында кем дегенде 10 см қашықтық қалдырыңыз.	

Ішкі жағы

1	1-жетек
Дисктердің жазып алу бетіндегі деректерді жазады.	
2	2-жетек
Дисктердің жазып алу бетіндегі деректерді жазады.	
3	Қауіпсіздік құлпының қосқышы
Диск қаппағын құлыптау функциясын қосады және өшіреді.	
4	Принтер
Дисктердің жапсырма бетінде басып шығарады.	
5	3-жинақтауыш
Дискті шығару жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 50 диск шамасында сақтайды.	
6	4-жинақтауыш
Дискті шығару жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 5 диск шамасында сақтайды.	
7	Құлыптау иінтірегі
4-жинақтауышты құлыптайды және құлыптан босатады. 3-жинақтауышты бекіту кезінде құлыптаңыз.	
8	Тұтқа
Дисктерді тасымалдайды.	
9	1-жинақтауыш
1-жинақтауышты дискті енгізу жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 50 диск шамасында сақтайды.	
10	2-жинақтауыш
2-жинақтауышты дискті енгізу немесе шығару жинақтауышы ретінде пайдаланыңыз. 50 диск шамасында сақтайды.	

Басқару панелі




1	Қуат жарық диоды
Қуат қосылған кезде жыпылықтайды және қосылады.	
2	BUSY жарық диоды
Тапсырма орындалған немесе қабылданған кезде жыпылықтайды.	
3	ERROR жарық диоды
Қате орын алғанда жыпылықтайды және қосылады.	
4	СКД
Мәзірлер мен хабарларды көрсетеді.	
5	EJECT түймесі
Келесі режимдерде пайдаланбаңыз: Стандартты режим, Сыртқы шығару режимі және Топтама режимі.	
6	 түймесі
Таңдауды растайды және өңдеуді іске қосады.	
7	▲/▼ түймелер
Өртүрлі мәзірлерге өткізеді.	
8	CANCEL түймесі
Таңдауды болдырмайды.	
9	◀ / ▶ түймелер
IP мекенжайын өзгерткенде санды жылжытады.	
10	MENU түймесі
Бас мәзірді көрсетеді.	

*Тапсырма: Деректі жазу және басып шығару сияқты бұл өнімде орындалатын процесс

Көрсеткіш шамының дисплейін пайдаланып осы өнімнің күйін тексеру

Бұл бөлімде басқару панелінде көрсетілген көрсеткіш шамдарын пайдалану арқылы өнімнің күйі сипатталған.



	Көрсеткіш шамы	Жыпықтауда/қосулы	Күй
⌚	Қуат жарық диоды	Қосулы 	Қуат қосулы. Тек қуат жарық диоды қосулы болғанда, өнім деректерді күту күйінде болады.
		Жыпылықтауда 	Өнім іске қосылуда немесе өшірілуде. Ол ERROR жарық диодымен бірге жыпылықтаған кезде, бұл құралда ақаулық пайда болғанын білдіреді.
Busy	BUSY жарық диоды	Жыпылықтауда 	Өнім тапсырманы орындауда, тапсырманы қабылдауда немесе деректі қалпына келтіруде. BUSY жарық диоды жылдам жыпылықтаған кезде, диск шығарылады, сондықтан 4-жинақтауышты тартып шығармаңыз. Дискілер зақымдалған болуы мүмкін.
Error	ERROR жарық диоды	Қосулы 	Қақпақ, дискті тасымалдау жүйесі, жинақтауыш, жетек немесе принтерде қате орын алды.
		Жыпылықтауда 	Құралда ақаулық пайда болды.


Негізгі әрекеттер

Бұл бөлімде өнімде негізгі әрекеттерді орындау әдісі сипатталған.

Қуатты қосу

Қосу үшін Қуат түймесін басыңыз.


Қуат жарық диоды жыпылықтайды да, содан кейін қосулы тұрады.



Қуатты өшіру

Қуат түймесін 1-3 секунд ішінде басыңыз.

Қуат жарық диоды жыпылықтайды да, содан кейін өшіп, қуатты өшірулі екендігін көрсетеді.



- Жарияланатын немесе жариялануды күтетін тапсырмалар бар болса, барлық тапсырмалар аяқталғаннан кейін қуат өшеді. Егер әкімші тапсырманы аяқтағаннан кейін электрондық хабарландыруларды жіберу үшін параметрді орнатқан болса, қуатты өшірудің басталғаны туралы электрондық хабарландыру әр әкімшіге жіберіледі.
- Қосылған қуатты 15 минуттай өшіру мүмкін емес. "Power off Please wait" хабарламасы СКД экранында пайда болғаннан 15 минуттан кейін қуат автоматты түрде өшеді.

Қуатты күшпен өшіру

Қуатты өшіру мүмкін емес кезінде немесе осы өнімде ақаулық орын алған жағдайда қуатты дереу өшіру қажет болғанда, Қуат түймесін кемінде 3 секунд басыңыз. Қуатты өшіру процесі бірден басталады.



Егер жарияланып жатқан тапсырмалар бар болса, олар болдырылмайды.


Диск қақпағын құлыптан босату

Егер қауіпсіздік құлпының қосқышы қосулы күйіне орнатылған болса, диск қақпағы әр жапқан сайын автоматты түрде құлыптанады. Диск қақпағын құлыптан босату үшін, диск қақпағының кілтін пайдаланыңыз.

Ескертпелер

Егер қауіпсіздік құлпының қосқышы өшірулі күйіне орнатылған болса, диск қақпағының құлпы әрқашан босатылған күйде тұрады.

Диск қақпағының кілтін диск қақпағының құлпына енгізіңіз де, оны [UNLOCK] күйіне бұраңыз.




Диск қақпағын ашу

- 1** Егер диск қақпағы құлыптанған болса, оны құлыптан босатыңыз.
Құлыптан босату процедурасын бұл нұсқаулықтың 19-бетіндегі "Диск қақпағын құлыптан босату" бөлімінен қараңыз.
- 2** Тұтқаны ұстап, диск қақпағын төмендегі суреттегі көрсеткімен көрсетілген бағытта ашыңыз.




- Тапсырма орындалып жатқанда (BUSY жарық диоды жыпылықтаған кезде) диск қақпағын ашпаңыз. Бұл жазу немесе басып шығару сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Егер тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, дабыл сигналы естіледі және ағымдағы тапсырманың күйі Күту режимінде болады. Егер диск қақпағын жапсаңыз, тапсырманың орындалуы автоматты түрде жалғасады.
- Егер тапсырма орындалып жатса, алдымен тапсырманы кідіртіңіз де, содан кейін диск қақпағын ашыңыз. Тапсырманы кідірту процедурасын бұл нұсқаулықтың 113-бетіндегі "Кідірілген тапсырмалар" бөлімінен қараңыз.
- Тұтқа операциясы кезінде өз қауіпсіздігіңіз үшін, қолыңызды ішіне салмаңыз.
- Тұтқа қозғалып тұрғанда ешқандай қабылдағышты пайдаланбаңыз. Бұл тұтқаны зақымдауы мүмкін.



Диск қақпағын жабу

Тұтқаны ұстап, диск қақпағын төмендегі суреттегі көрсеткімен көрсетілген бағытта жабыңыз.




Жинақтауыштарды ұстау

Дискілерді жинақтауышқа жүктеңіз. бұл нұсқаулықтың 88-бетіндегі "Дисктерді жүктеу" бөлімін қараңыз. Немесе жинақтауыштан жарияланған дисктерді шығарыңыз. (бұл нұсқаулықтың 109-бетіндегі "Дискілерді шығару" бөлімін қараңыз.) Жинақтауышты төменде көрсетілгендей ұстаңыз.


1-жинақтауыш/2-жинақтауыш

1-жинақтауыш пен 2-жинақтауыш бірдей. Оларды бірдей жолмен ұстаңыз.




Алып тастау

Шығару үшін, көтеріп, өзіңізге қарай тартыңыз.



Бекіту


Қуыстарды туралап, бекітіңіз.



3-жинақтауыш


Алып тастау

Тұтқаны ұстап, жоғары көтеріңіз де, содан кейін өзіңізге қарай тартып шығарыңыз.




Бекіту

- 3-жинақтауышты енгізген кезде, алдымен 4-жинақтауышта дисктердің жоқ екендігін тексеріңіз де, содан кейін оны бекітіңіз.
- 3-жинақтауышты пайдаланғанда, құлыпты [LOCK] күйіне орнатыңыз және 4-жинақтауышты шығармаңыз.




Тұтқаны ұстаңыз, қуыстарды туралаңыз және бекітіңіз.



4-жинақтауыш




- 4-жинақтауышты ұстаған кезде, қатты күш қолданбаңыз.
- BUSY жарық диоды жылдам жыпылықтаған кезде, диск шығарылады, сондықтан 4-жинақтауышты тартып шығармаңыз. Дискілер зақымдалған болуы мүмкін.
- 4-жинақтауышты пайдаланған кезде, құлыптау иінтірегін [UNLOCK] күйіне орнатыңыз.




Тартып шығару

4-жинақтауышты ұстап тұрып, жинақтауышты тартып шығарыңыз.



Итеріп кіргізу

4-жинақтауышты ұстап тұрып, жинақтауышты итеріп кіргізіңіз.



Дайындау

Бағдарламалық жасақтаманы орнату

Бұл бөлімде осы өнімді (PP-100N) пайдалану үшін қажетті бағдарламалық жасақтаманы орнату процедурасы сипатталған. Бұл өнімнің орнатылуы (*PP-100N* әкімші нұсқаулығын қараңыз) аяқталғаннан кейін, бағдарламалық жасақтаманы пайдаланушының клиент компьютеріне орнату үшін, төмендегі процедураны пайдаланыңыз.

Орнату алдында

Бұл орнату процедурасында келесі бағдарламалық жасақтама орнатылады. (Сонымен қатар тек принтер драйверін орнатуға болады.)

- Принтер драйвері

- EPSON Total Disc Setup

Бұл бағдарламалық жасақтама осы өнімді тіркеу үшін пайдаланылады.

- EPSON Total Disc Monitor

Бұл бағдарламалық жасақтама өнімнің күйін клиент компьютерінен тексеру үшін пайдаланылады.

- EPSON Total Disc Maker

Бұл бағдарламалық жасақтама осы өнім көмегімен жапсырма бетіне арналған жазу мен басып шығару дерегін өңдеу және жариялау үшін пайдаланылады.



- **Маңызды ескертпе**

EPSON өнімдерін қолдану үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалана аласыз. CD және DVD дискілерін қосқанда, бірақ олармен шектелмей ақпарат тасығыштарына материалдарды көшіру үшін EPSON өнімдерін пайдалануға болады. Авторлық құқық иелерінің құқығын сақтауға келісесіз. EPSON компаниясының авторлық құқықтары сіз, қызметкерлеріңіз, өкілдеріңіз немесе агенттеріңіз тарапынан бұзылса, EPSON компаниясы оған жауапты болмайды және сіз жабдықты ондай бұзушылықтан қорғауыңыз қажет.

- Бағдарламалық жасақтаманы осы нұсқаулықтағы процедураға сай орнатыңыз.
- Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде (әкімші тобына жататын) әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы ретінде кіріңіз. Пайдаланушы өкілеттігімен кірсеңіз, бағдарламалық жасақтаманы орнату мүмкін емес.
- EPSON Total Disc Maker орнатылғанда, бірнеше Windows құрамдасын орнатуға болады. EPSON Total Disc Maker өшірілген кезде, кейбір орнатылған құрамдастарды өшіру (жою) мүмкін болмауы мүмкін.
- Егер жүйе мен пайдаланушы тілінің параметрлері әртүрлі болса, орнату процедурасы дұрыс орындалмауы мүмкін. Жүйе мен пайдаланушы тілдері бірдей ортаны орнатыңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы қолдану талаптары

Берілген бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін минималды жабдық пен бағдарламалық жасақтама талаптары төменде көрсетілген.

ОЖ (операциялық жүйе)		• Windows 10 (32 бит/64 бит) * Home/Pro/Enterprise • Windows 8.1 (32 бит/64 бит) • Windows 8.1 Pro (32 бит/64 бит) • Windows 8 (32 бит/64 бит) • Windows 8 Pro (32 бит/64 бит) • Windows 7 (32 бит/64 бит, SP1 не одан кейінгі нұсқасы) * Home Premium/Professional/Enterprise/Ultimate • Windows XP (32 бит, SP3 немесе кейінгі нұсқасы) * Home Edition/Professional • Windows Server 2019 * Standard/Essentials • Windows Server 2016 * Standard/Essentials • Windows Server 2012 R2 (64 бит) * Standard/Essentials • Windows Server 2012 (64 бит) * Standard/Essentials • Windows Server 2008 R2 (64 бит, SP1 немесе кейінгі нұсқасы) * Standard/Enterprise • Windows Server 2008 (32 бит/64 бит, SP2 не одан кейінгі нұсқасы) * Standard/Enterprise
CPU	Windows 10 Windows 8.1 Windows 8 Windows 7 Windows XP	Intel Pentium 4 (немесе оған үйлесімді процессор) 1,4 ГГц немесе одан жылдамырақ болған процессор
	Windows Server 2019 Windows Server 2016 Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012 Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	Intel Pentium 4 (немесе оған үйлесімді процессор) 2,0 ГГц немесе одан жылдамырақ болған процессор
Жады	Windows 10 64 бит Windows 8,1 64 бит Windows 8 64 бит Windows 7 64 бит Windows Server 2019 Windows Server 2016 Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012 Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	2 Гбайт немесе одан көп
	Windows 10 32 бит Windows 8,1 32 бит Windows 8 32 бит Windows 7 32 бит	1 Гбайт немесе одан көп
	Windows XP	512 Мбайт немесе одан көп

HDD қолжетімді кеңістігі	Windows 10 64 бит Windows 8,1 64 бит Windows 8 64 бит Windows 7 64 бит	30 Гбайт немесе одан көп
	Windows 10 32 бит Windows 8,1 32 бит Windows 8 32 бит Windows 7 32 бит	26 Гбайт немесе одан көп
	Windows XP	10 Гбайт немесе одан көп
	Windows Server 2019 Windows Server 2016 Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012	170 Гбайт не одан да көп
	Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008	50 Гбайт немесе одан көп
Көрсетілім		XGA (1024 x 768 нүкте) немесе одан жоғарырақ 65 536 түс немесе одан көп
Интерфейстер		Ethernet интерфейсі Бұл интерфейс төмендегі стандарттардың біреуіне сәйкес келуі керек. • 100Base-TX • 1000Base-T
Бағдарламалық жасақтама		Windows Media Player 6.4 немесе кейінгі нұсқасы орнатылған болуы қажет. Келесі браузерлердің кез келгені бұрыннан орнатылуы тиіс. • Windows Internet Explorer 8, 9, 10 немесе 11 • Google Chrome • Mozilla Firefox
Өзгелер		Браузеріңіздегі JavaScript параметрі қосулы болуы тиіс. Музыкалық ықшам дискіні жасау тиісті драйверлері орнатылған дыбысты құрылғыны қажет етеді.



- Өнім үшінші тарап жазу бағдарламалық жасақтамасы немесе вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтама орнатылған орталарда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бастапқы жетек MMC4 не кейінгі нұсқасына сәйкес келетін пәрмендерді және әрекеттерді пайдалануы керек және ішкі арналарды оқу мүмкіндігіне ие болуы керек.
- Өнімді қашықтықтағы жұмыс үстелі функциясымен немесе виртуалды ортада қолданыла алмайды.


Орнату

Бұл тарау бағдарламалық жасақтаманы орнату процедурасын түсіндіреді.



- Орнатуды орындау үшін, өнімнің IP мекенжайы немесе хост атауы талап етіледі. Әкімшіден өнімнің IP мекенжайын немесе хост атауын біліп алыңыз.
- Егер кез келген басқа бағдарламалық жасақтама не вирусқа қарсы бағдарламалар іске қосылған болса, олардан орнатуды бастамас бұрын шығыңыз.

- 1 Windows жүйесін іске қосыңыз да, өніммен бірге берілген Discproducer Utility & Documents Disc (DVD-ROM) дискісін DVD дискілерін оқи алатын клиент компьютерінің оптикалық жетегіне енгізіңіз.



Ескертпелер

AutoPlay терезесі көрсетілгенде, әрекетті жалғастыру үшін, [InstallNavi.EXE орындау] басыңыз.

- 2 Төменде көрсетілген экран пайда болғанда, [EPSON Total Disc Maker] басыңыз.




Егер экран көрсетілмесе, [Бастау] () - [Компьютер] басып, DVD дискісін ашу үшін DVD -ROM белгішесін екі рет басыңыз. Содан кейін InstallNavi.EXE icon белгішесін екі рет басыңыз.


Ескертпелер

[Пайдаланушылар тіркелгілерін басқару] экраны көрсетілгенде, [Рұқсат ету] басыңыз. Әкімші құпия сөзі сұралған кезде, әрекетті жалғастыру үшін, құпия сөзді енгізіңіз.

3 [Next] түймесін басыңыз.




4 Лицензия келісімін мұқият оқып шығыңыз және оған келіссеңіз, [I accept the terms of the license agreement] таңдап, [Next] түймесін басыңыз.




5 Бағдарламалық жасақтаманы орнатқыңыз келген қалтаны тексеріп, [Next] түймесін басыңыз.


Қалтаны өзгерту үшін, [Change] түймесін басып, қалтаны белгілеңіз және [Next] түймесін басыңыз.



6 [EPSON PP-100N (Network connection)] үшін құсбелгіні орнатыңыз да, содан кейін [Next] түймесін басыңыз.




7 [Complete] таңдалғанына көз жеткізіңіз де, [Next] түймесін басыңыз.




Ескертпелер Тек принтер драйверлерін орнату үшін, [Printer Driver] таңдаңыз.

8 Өнімнің IP мекенжайын немесе хост атауын енгізіп, [Next] түймесін басыңыз. Мына мысалда, `http://192.168.192.168` енгіземіз.




Егер PP-100N өнімінің IP мекенжайы не хост атауы енгізілмеген болса, бұл өнімді орнату аяқталғаннан кейін тіркеңіз. (Осы нұсқаулықтағы 32>-беттегі “Өнімді тіркеу” бөлімін қараңыз.)

9 [Install] түймесін басыңыз.



Орнату процесі басталады.

10 [Finish] түймесін басыңыз.



Осылайша бағдарламалық жасақтаманы орнату әрекеті аяқталады.

Орнату аяқталғанда, EPSON Total Disc Setup автоматты түрде басталады да, [Common Setting for Publishing] экраны пайда болады. [Common Setting for Publishing] экранын жабыңыз, себебі бұл параметр осы өнім үшін қажет емес.

Егер осы өнімнің бірнеше бөлімі бірдей желіге қосылған болса, бұл өнімді EPSON Total Disc Setup көмегімен клиент компьютеріне тіркеу керек. бұл нұсқаулықтың 32-бетіндегі "Өнімді тіркеу" бөлімін қараңыз да, осы өнімді тіркеңіз.

Егер осы өнімнің тек бір бөлімі қосылған болса, тіркеу процесі қажет болмайды.


Өнімді тіркеу

EPSON Total Disc Maker пайдалану үшін, осы өнімді клиент компьютерінде тіркеуіңіз керек. Дегенмен, тек бір өнім қосылған болса, өнімнің тіркелуі бағдарламалық жасақтаманы орнату барысында орындалады да, бұл процедура қажет болмайды.


Егер осы өнімнің бірнеше бөлімі бірдей желіге қосылған болса, тіркеу процесін әр қосылған өнім үшін орындау қажет.

Өнімді тіркеу үшін, төмендегі процедураны пайдаланыңыз.


- 1** Клиент компьютері мен осы өнімнің бірдей желіге қосылғанын және осы өнімнің қуаты қосылғанын тексеріңіз.
- 2** Егер EPSON Total Disc Setup бағдарламасы іске қосылмаған болса, EPSON Total Disc Setup іске қосыңыз.
[Бастау] () - [Барлық бағдарламаларда] - [EPSON Total Disc Maker] - [EPSON Total Disc Setup] таңдаңыз.
- 3**  [Add] түймесін басыңыз.




4 [Network CD/DVD Publisher] таңдап, [Next] түймесін басыңыз.



5 Тіркелетін өнімнің IP мекенжайын немесе хост атауын енгізіп, [Next] түймесін басыңыз.




Егер әкімші әлдеқашан тіркелмеген болса, растау хабары төменде көрсетіледі.



[OK] түймесін басу өнімді тіркеу процесін жалғастырады, бірақ әкімші тіркелмегенше осы өнімді пайдалану мүмкін болмайды. Әкімшіні тіркеуге сұраңыз (*PP-100N әкімші нұсқаулығында "Әкімшіні тіркеу" бөлімін қараңыз*).

- 6** [Name] өрісіне атауды енгізіңіз және [OK] түймесін басыңыз.
Бұл атау EPSON Total Disc Maker бағдарламасының Жариялау экранында таңдалатын [Output device] өрісінде көрсетіледі.



Осылайша өнімді тіркеу әрекеті аяқталады.

Пайдаланушы ақпаратын тексеру және өзгерту

Пайдаланушы ақпараты әкімші тарапынан тіркеледі.


Бағдарламалық жасақтаманы орнату (осы нұсқаулықтағы 24-бет қараңыз) аяқталғаннан кейін, пайдаланушы тіркелген пайдаланушы ақпаратын тексеруі қажет және құпия сөзді өзгертуі қажет.



Әкімшімен бірге пайдаланушы аты мен құпия сөзі үшін бастапқы параметрлерді тексеріңіз. Пайдаланушы аты мен құпия сөзі пайдаланушы ақпаратын өзгерту үшін қажет.

Пайдаланушы ақпаратын тексеру

- 1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2 [User information] қойындысын басыңыз.



Тіркелген пайдаланушы ақпараты көрсетіледі.




- User name: Бұл EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру үшін қолданылатын пайдаланушы атын көрсетеді.
- Full name: Бұл пайдаланушы тіркелген болса, оның толық атын көрсетеді.
- Email address: Бұл пайдаланушы тіркелген болса, оның электрондық пошта мекенжайын көрсетеді.
- Authority: Бұл пайдаланушы әкімші ретінде орнатылған болса, "Administrator" көрсетеді.


Пайдаланушы ақпаратын өзгерту

Төмендегі процедураны пайдаланушының толық аты мен электрондық пошта мекенжайын өзгерту үшін пайдаланыңыз.


- 1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2 [User information] экранында [Edit user] түймесін басыңыз.



- 3 Толық аты мен электрондық пошта мекенжайын өзгертіп, [Save] түймесін басыңыз.



- 4 [OK] түймесін басыңыз.



- 5 [User information] экраны пайда болады.
Өзгертілген ақпараттың дұрыс екендігін тексеріңіз.

Құпия сөзді өзгерту

Құпия сөз EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру үшін қолданылады. Құпия сөзді өзгерту үшін, төмендегі процедураны пайдаланыңыз.



Құпия сөзді сізден басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз.


1

EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.

2

[User information] экранында [Change password] түймесін басыңыз.



3

Жаңа құпия сөзді енгізіңіз, [Save] түймесін басыңыз.



- Құпия сөз үшін әріптік сандық 5-16 таңба немесе белгі (".", "-", "_") енгізіңіз.
- Құпия сөз әріп түріне тәуелді.
- Құпия сөзді оңай анықтауға болатын туған күн, қызметкердің нөмірі немесе басқа да мәліметті орнатпаңыз.
- Құпия сөзді сізден басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз.

4

[OK] түймесін басыңыз.




Тапсырманың аяқталуы туралы хабарландыру параметрі

Экранда сізге тапсырманың аяқталғаны туралы білдіру жасайтын хабарды қарау параметрлерін орнатуға болады.




Бұл параметрлер тіркелген барлық CD/DVD/BD жариялаушылары үшін көрсетіледі.


- 1 EPSON Total Disc Setup іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 46-бетіндегі "EPSON Total Disc Setup іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Tool] мәзірінен [Common Setting for Publishing] түймесін басыңыз.



- 3 [Notification Settings] қойындысын басыңыз.



[Notification Settings] экраны пайда болады.



4 [Notification Method] үшін [Display message box] белгілеңіз.

5 Келесі опциялардың біреуі үшін құсбелгіні қойыңыз:

- Notify after each job is finished: Дерек тапсырмасының аяқталғаны туралы хабарландыратын хабар өрісі (EPSON Total Disc Monitor) әр тапсырма аяқталған сайын орын алады.
- Notify after all jobs are finished: Барлық тапсырмалардың аяқталғаны туралы хабар өрісі (EPSON Total Disc Monitor) бір тапсырмадан артық орындалған және барлық тапсырмалар аяқталған кезде орын алады.

6 [OK] түймесін басыңыз.

Бұл тапсырма орындалуының хабарландыру параметрлерін орнатуды аяқтайды.

Бағдарламалық жасақтаманы жою

Егер бағдарламалық жасақтаманы дұрыс орнату мүмкін болмаса, бағдарламалық жасақтаманы жойыңыз (өшіріңіз) де, содан кейін қайта орнатыңыз.


Бұл тарау келесі бағдарламалық жасақтаманы жою процедурасын түсіндіреді.

- EPSON Total Disc Maker
- EPSON Total Disc Setup
- EPSON Total Disc Monitor
- Принтер драйвері

Ескертпелер

- Бағдарламалық жасақтама орнатылымын жою кезінде сізден әкімші құпиясөзі немесе растау талап етілуі мүмкін. Құпия сөз сұралған кезде жұмысты жалғастыру үшін құпия сөзді енгізіңіз.
- Windows XP жүйесінде бағдарламалық жасақтаманы жою кезінде (әкімші тобына жататын) әкімшілік өкілеттіктері бар пайдаланушы ретінде кіріңіз.


- 1** Жұмыс істеп тұрған барлық қолданбаларды жабыңыз.
- 2** [Басқару тақтасы] ашыңыз.
- 3** Бағдарламаны жою экранын ашыңыз.
[Бағдарламаны жою] түймесін басыңыз.
- 4** EPSON Total Disc Maker жойыңыз.
EPSON Total Disc Maker таңдап, [Жою/Өзгерту] түймесін басыңыз.



Ескертпелер

Қандай да бір мәселе себебінен орнатылым жоюды орындай алмасаңыз, бағдарламалық жасақтаманың орнатылымын Discproducer Utility & Documents Disc ішіндегі setup.exe файлын екі рет басу арқылы жойыңыз.

5 [Remove] тармағын таңдап, [Next] түймесін басыңыз.



Бағдарламаны жою процесін аяқтау үшін, экрандағы хабарларды ұстаныңыз.

Қолданбаларды пайдалану

EPSON Total Disc Maker

EPSON Total Disc Maker деген не?


EPSON Total Disc Maker - жапсырма беті үшін жазу және басып шығару дерегін өңдеуге және осы өнімге (PP-100N) жариялауға арналған бағдарламалық жасақтама.

EPSON Total Disc Maker бағдарламасында осы өнімге дерек жазу және жапсырмаларды басып шығару процесі "publishing (жариялау)" деп аталады. Жариялау осы өнімге деректі CD немесе DVD дискісіне жазуға және дайын дискіні жасау үшін жапсырманы басып шығаруға мүмкіндік береді.

EPSON Total Disc Maker іске қосу

Келесі процедура Windows 10 жүйесіне арналған. EPSON Total Disc Maker іске қосу процедурасы операциялық жүйеңізге байланысты өзгешеленуі мүмкін. Жүйеңізге арналған сипаттамаларды тексеріңіз.

- 1 [Бастау] () - [Барлық бағдарламаларда] - [EPSON Total Disc Maker] - [EPSON Total Disc Maker] таңдаңыз.
[Open] диалогтық терезесі пайда болады.
- 2 [Cancel] түймесін басыңыз.
[Open] диалогтық терезесі жабылады және диск көрінісі белсенді болып кетеді.




Ескертпелер

- Егер [Open] диалогтық терезесінде Total Disc Maker дерек файлын таңдап, содан кейін [Open] түймесін бассаңыз, таңдалған файл ашылады және жариялау көрінісі белсенді болып кетеді.
- Егер [Show this dialog box at startup] құсбелгісін алып тастап, [Open] диалогтық терезесін жапсаңыз, [Open] диалогтық терезесі келесі іске қосу кезінде көрсетілмейді.

EPSON Total Disc Maker анықтамасын көрсету

EPSON Total Disc Maker анықтамасы пайдалануға арналған процедураларды және EPSON Total Disc Maker сипаттамаларын қамтиды.

- 1** EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2** Құралдар тақтасында  [Help] белгішесін басыңыз.

**Ескертпелер**

Сонымен қатар EPSON Total Disc Maker Help келесі жолдармен көрсетуге болады:

- EPSON Total Disc Maker бағдарламасын іске қосыңыз да, [F1] түймесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Maker бағдарламасын іске қосыңыз да, [Help] мәзірінде [Help] түймесін басыңыз.

EPSON Total Disc Maker экран конфигурациясы


Бұл бөлімде EPSON Total Disc Maker экран конфигурациясы түсіндіріледі.

Пайдалану бойынша толық мәліметті EPSON Total Disc Maker Help қараңыз.

Диск көрінісі

EPSON Total Disc Maker бағдарламасын іске қосу немесе [Disc] түймесін басқа көріністе басу диск көрінісін көрсетеді.


Диск көрінісінде, дискіге жазылатын деректі өңдеуге болады.



Жапсырма көрінісі

Диск көрінісінде немесе жариялау көрінісінде [Label] түймесін басу жапсырма көрінісін көрсетеді.


Жапсырма көрінісінде дискінің жапсырма бетіне басып шығарылатын деректі өңдеуге болады.



Жариялау көрінісі

Диск көрінісінде немесе жариялау көрінісінде [Publish] түймесін басу жариялау көрінісін көрсетеді.

Жариялау көрінісінде жазу дерегін және жапсырманы осы өнімге жариялауға болады.



EPSON Total Disc Setup

EPSON Total Disc Setup деген не?

EPSON Total Disc Setup - өнімді компьютерге тіркеуге арналған бағдарламалық жасақтама. Сондай-ақ, ол Жариялау режимін, пайдаланылатын жинақтауышты, жетекті және т.б. әрі осы өніммен дискілерді жариялауға арналған негізгі параметрлерді тексеруге мүмкіндік береді.

EPSON Total Disc Setup іске қосу


Ескертпелер

EPSON Total Disc Setup бағдарламасын пайдалану үшін, осы өнімді орнатқаннан кейін тіркеуіңіз қажет. Осы нұсқаулықтағы 32-бет қараңыз да, осы өнімді тіркеңіз.

Келесі процедура Windows 10 жүйесіне арналған. EPSON Total Disc Setup іске қосу процедурасы операциялық жүйеңізге байланысты өзгешеленуі мүмкін. Жүйеңізге арналған сипаттамаларды тексеріңіз.

[Бастау] () - [Барлық бағдарламаларда] - [EPSON Total Disc Maker] - [EPSON Total Disc Setup] таңдаңыз.

EPSON Total Disc Setup іске қосылады.



Ескертпелер


Сонымен қатар EPSON Total Disc Setup бағдарламасын келесі жолдармен іске қосуға болады:

- EPSON Total Disc Maker бағдарламасындағы  белгішесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Maker бағдарламасындағы [Tools] мәзірінде [Start Total Disc Setup] түймесін басыңыз.

EPSON Total Disc Setup анықтамасын көрсету

EPSON Total Disc Setup анықтамасы пайдалануға арналған процедураларды және EPSON Total Disc Setup сипаттамаларын қамтиды.

- 1 EPSON Total Disc Setup іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 46-бетіндегі "EPSON Total Disc Setup іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Құралдар тақтасында  [Help] белгішесін басыңыз.



Ескертпелер

Сонымен қатар EPSON Total Disc Setup анықтамасын келесі жолдармен көрсетуге болады:


- EPSON Total Disc Setup бағдарламасын іске қосыңыз да, [F1] түймесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Setup бағдарламасын іске қосыңыз да, [Help] мәзірінде [Help] түймесін басыңыз.

EPSON Total Disc Setup экран конфигурациясы

Бұл бөлімде EPSON Total Disc Maker экран конфигурациясы түсіндіріледі.

Пайдалану бойынша толық мәліметті EPSON Total Disc Setup анықтамасынан қараңыз.

Орнату экраны




(1)	Қосу	Осы өнімді тіркейді.
(2)	Жою	Таңдалған өнімнің тіркелуін жояды.
(3)	Сипаттар	Таңдалған өнімнің [Properties] экранын көрсетеді.
(4)	Total Disc Net Administrator іске қосу	Total Disc Net Administrator бағдарламасын іске қосады.
(5)	Total Disc Monitor іске қосу	Total Disc Monitor іске қосады.
(6)	Анықтама	Анықтаманы көрсетеді.
-	Name	Өнімнің атын көрсетеді.
-	Model Name	Өнімнің (PP-100N) үлгі атауын көрсетеді.
-	Host Name	Өнімнің хост атауын не IP мекенжайын көрсетеді.
-	Status	Өнімнің күйін көрсетеді.
-	Waiting	Аяқталмаған тапсырмалардың санын көрсетеді.
-	Transmitting	Таратылып жатқан тапсырмалардың санын көрсетеді.
-	Available Space	Өнімнің ішкі HDD дискісіндегі қолжетімді бос орынды көрсетеді.

[Properties] экраны


[Properties] экранын көрсету үшін, Орнату экранында  [Properties] түймесін басыңыз.

Әр экранды көрсету үшін, [Properties] экранында [General] қойындысын, [Maintenance Info] қойындысын және [About] қойындысын басыңыз.


[General] экраны



Элемент	Сипаттама
Name	Өнімнің атын көрсетеді. Атын мына жерде де өзгертуге болады. Юникод таңбаларын пайдаланбаңыз.
Host name	Өнімнің хост атауын не IP мекенжайын көрсетеді.
Stacker Settings	Жариялау режимі үшін параметрлерді және жинақтауышқа жүктелетін дискінің түрін тексеруге мүмкіндік береді.
Drive Settings	Пайдаланылатын жетек үшін параметрлерді және диск жазу барысында қате орын алғаннан кейін жазу әрекеттерін қайталаудың санын тексеруге мүмкіндік береді.
Printer settings	Принтер драйверінің [Main] экранын көрсетеді.

[Maintenance Info] экраны

Элемент	Сипаттама
Number of printed discs	Басып шығарылған дискілердің жалпы санын көрсетеді.
Service life of Drive 1/ Drive 2	Жетектің қызмет ету мерзімін көрсетеді. Мән 100%-ға жуық болған кезде, оны ауыстыру уақыты келді.

[About] экраны

Элемент	Сипаттама
Serial number	Өнімнің сериялық нөмірін көрсетеді.
Autoloader	Өнімнің ішкі автожүктегішіндегі қызметтік бағдарлама нұсқасын көрсетеді.
Printer	Өнімнің ішкі принтеріндегі қызметтік бағдарлама нұсқасын көрсетеді.
Drive 1	Өнімнің ішкі 1-ші CD/DVD жетегіндегі қызметтік бағдарлама нұсқасын көрсетеді.
Drive 2	Өнімнің ішкі 2-ші CD/DVD жетегіндегі қызметтік бағдарлама нұсқасын көрсетеді.

EPSON Total Disc Monitor

EPSON Total Disc Monitor деген не?

EPSON Total Disc Monitor - өнімнің ағымдағы күйін, қалған сияны, тапсырма туралы ақпарат пен басқа ақпаратты көрсетуге арналған бағдарламалық жасақтама. Сондай-ақ, тапсырмаларды кідірту/болдырмауға немесе орындалатын тапсырмалардың ретін өзгертуге болады.

EPSON Total Disc Monitor іске қосу

Ескертпелер

EPSON Total Disc Monitor бағдарламасын іске қосу үшін, осы өнімді орнатқаннан кейін тіркеуіңіз қажет. Осы нұсқаулықтағы 32-бет қараңыз да, осы өнімді тіркеңіз.

Келесі процедура Windows 10 жүйесіне арналған. EPSON Total Disc Monitor іске қосу процедурасы операциялық жүйеңізге байланысты өзгешеленуі мүмкін. Жүйеңізге арналған сипаттамаларды тексеріңіз.

- 1 [Бастау] () - [Барлық бағдарламаларда] - [EPSON Total Disc Maker] - [EPSON Total Disc Monitor] түймесін басыңыз.
- 2 Бір құралдан артық жалғанған кезде, күйі көрсетілуі қажет өнімді таңдаңыз да, [OK] түймесін басыңыз.



EPSON Total Disc Monitor іске қосылады.

Ескертпелер


Сонымен қатар EPSON Total Disc Monitor бағдарламасын келесі жолдармен іске қосуға болады:

- EPSON Total Disc Maker/EPSON Total Disc Setup бағдарламасында  белгішесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Maker/EPSON Total Disc Setup бағдарламасындағы [Tools] мәзірінде [Start Total Disc Monitor] түймесін басыңыз.

EPSON Total Disc Monitor анықтамасын көрсету

EPSON Total Disc Monitor анықтамасы пайдалануға арналған процедураларды және EPSON Total Disc Monitor сипаттамаларын қамтиды.

- 1 EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Құралдар тақтасында  [Help] белгішесін басыңыз.



Ескертпелер


Сонымен қатар EPSON Total Disc Monitor анықтамасын келесі жолдармен көрсетуге болады:

- EPSON Total Disc Monitor бағдарламасын іске қосыңыз да, [F1] түймесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Monitor бағдарламасын іске қосыңыз да, [Help] мәзірінде [Help] түймесін басыңыз.

EPSON Total Disc Monitor экран конфигурациясы

Бұл бөлімде EPSON Total Disc Monitor экран конфигурациясы түсіндіріледі.

Пайдалану бойынша толық мәліметті EPSON Total Disc Monitor анықтамасынан қараңыз.



(1)	Кідірту	Таңдалған тапсырманы кідіртеді.
(2)	Жалғастыру	Таңдалған тапсырманы жалғастырады.
(3)	Болдырмау	Таңдалған тапсырманы болдырмайды.
(4)	Барлығын таңдау	Барлық жарияланған тапсырмаларды таңдаңыз.
(5)	Басымдық бойынша жариялау	Таңдалған тапсырманы басқалардан бұрын орындайды.
(6)	Туралы толық мәліметті көрсетеді	Таңдалған аяқталған тапсырма туралы толық мәліметті көрсетеді.
(7)	Анықтама	Анықтаманы көрсетеді.
(8)	Пайдалану нұсқаулығы	Өнім күйін немесе қатенің мазмұны мен хабарын көрсетеді.
(9)	Сия күйі	Қалған сияны көрсетеді.
(10)	Принтер күйі	Принтер күйін көрсетеді.
(11)	CD/DVD жетегінің күйі	CD/DVD жетек күйін көрсетеді.
(12)	Жинақтауыш күйі	Жинақтауыш күйін көрсетеді.


Ескертпелер

Басып шығаруға болатын жапсырмалардың саны - тағы сондай қанша жапсырма басып шығаруға болатынының көрсеткіші. Бұл мән басып шығару дерегі және басып шығару ортасы секілді факторларға байланысты шынайы мәннен өзгешеленуі мүмкін. 1000 немесе одан да жоғары мән "1000 or more", деп көрсетіледі, ал мөлшер 1000 дискіден аз болса, 10 диск бірліктерінде көрсетіледі.

Әр экранды көрсету үшін, [Unfinished Job] қойындысын және [Finished Job] қойындысын басыңыз.

[Unfinished Job] экраны


[Unfinished Job] экраны Waiting, Publishing, Paused, Pausing, Canceling, Standby немесе Recovering күйіндегі тапсырмалар бойынша ақпаратты көрсетеді. [Pause Job], [Resume Job],[Cancel Job] немесе [Priority Publishing] таңдау үшін тапсырманы тіптірудің оң жақ түймесімен басыңыз.



Элемент	Сипаттама
Job Name	Тапсырма атауын көрсетеді. Тапсырма атауы, мысалы, EPSON Total Disc Maker арқылы тіркелген жазу дерегінің көлем жапсырмасынан автоматты түрде орнатылады.
Status	Тапсырма күйін көрсетеді.
Publisher	Тапсырма жариялаушысын көрсетеді.
Copies	Қалыпты түрде жарияланған дискілердің санын/жарияланатын дискілердің жалпы санын көрсетеді.
Type	Print, Write немесе Publish (басып шығару және жазу) сияқты тапсырма түрін көрсетеді.
Input Stacker	Дискінің енгізу жинақтауышының нөмірін көрсетеді.
Output Stacker	Дискінің шығару жинақтауышының нөмірін көрсетеді.
Time Needed	Тапсырма орындаудың басталуы мен аяқталуы арасындағы мерзім үшін болжалды уақытты көрсетеді.

[*Finished Job*] экраны

[Finished Job] экраны жариялану аяқталған тапсырмалар бойынша ақпаратты көрсетеді.



Элемент	Сипаттама
Job Name	Тапсырма атауын көрсетеді.
Status	Тапсырма аяқталған кездегі күйді көрсетеді.
Publisher	Тапсырма жариялаушысын көрсетеді.
Successful	Басып шығару, жазу, жариялау немесе сәйкес әрекет сәтті өткен дискілердің санын көрсетеді.
Failed	Басып шығару, жазу, жариялау немесе сәйкес әрекет сәтсіз өткен дискілердің санын көрсетеді.
Quantity	Жасалуға белгіленген дискілердің санын көрсетеді.
Type	Тапсырма түрін көрсетеді.
Output Stacker	Дискінің шығару жинақтауышының нөмірін көрсетеді.

EPSON Total Disc Net Administrator

EPSON Total Disc Net Administrator деген не?

EPSON Total Disc Net Administrator - тапсырмалар, пайдаланушылар және техникалық қызмет көрсету дерегін басқару сияқты тапсырмаларды орындауға арналған осы өнімнің ішкі Веб-қолданбасы.

EPSON Total Disc Net Administrator жүйеге кірген пайдаланушының өкілеттігіне байланысты әртүрлі экрандар мен функцияларды көрсетеді.

EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру

1 Өнімді қосыңыз.

2 Internet Explorer мекенжай жолағында өнімнің IP мекенжайын, хост атауын немесе FQDN нөмірін енгізіңіз.

Мысал: Өнімнің IP мекенжайы 192 болғанда. 168. 192. 168: http://192. 168. 192. 168




Total Disc Net Administrator ортаңызға байланысты дұрыс іске қосылмауы мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, осы өнімнің IP мекенжайын «Сенімді тораптарға» немесе «Жергілікті интражеліге» қосыңыз.

Ескертпелер

Сонымен қатар EPSON Total Disc Net Administrator қолданбасын келесі жолдармен іске қосуға болады:

- EPSON Total Disc Maker/EPSON Total Disc Setup бағдарламасында  белгішесін басыңыз.
- EPSON Total Disc Maker/EPSON Total Disc Setup бағдарламасындағы [Tools] мәзірінде [Start Total Disc Net Administrator] түймесін басыңыз.
- Егер хабарландырудың электрондық поштамен таратылуы әкімшімен орнатылған болса, EPSON Total Disc Net Administrator қолданбасы жіберген электрондық поштадағы URL мекенжайын басыңыз.

3 Пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізіңіз де, [Login] түймесін басыңыз.




- Алғаш рет жүйеге кірген кезде, пайдаланушы аты мен құпия сөзін әкімшімен растаңыз. Жүйеге кіргеннен кейін, алдымен құпия сөзіңізді өзгертіңіз. (Құпия сөзді өзгерту процедурасын бұл нұсқаулықтың 37-бетіндегі "Құпия сөзді өзгерту" бөлімінен қараңыз.)
- Құпия сөзді сізден басқа ешкім пайдалана алмайтындай басқарыңыз.

EPSON Total Disc Net Administrator жүйесінен шығу


Экранның жоғарғы оң жағындағы [Logout] түймесін басыңыз.



EPSON Total Disc Net Administrator анықтамасын көрсету

EPSON Total Disc Net Administrator анықтамасы пайдалануға арналған процедураларды және EPSON Total Disc Net Administrator сипаттамаларын қамтиды.

- 1** EPSON Total Disc Net Administrator қолданбасын іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2** Жоғарғы оң жақтағы [Help] түймесін басыңыз.



EPSON Total Disc Net Administrator экран конфигурациясы

Бұл бөлімде EPSON Total Disc Net Administrator экран конфигурациясы түсіндіріледі.

Пайдалану бойынша толық мәліметті EPSON Total Disc Net Administrator анықтамасынан қараңыз.

Әр экранды көрсету үшін, [Job management] қойындысын, [User information/User management] қойындысын, [System settings] қойындысын (әкімші ғана) және [Maintenance] қойындысын басыңыз.

[Job management] экраны

[Job management] экраны осы өнімге жарияланған тапсырмаларды көрсетеді. Егер іздеу опцияларын пайдалансаңыз, көрсетілген шарттарға байланысты іздеу нәтижелерінің тапсырмалар тізімі көрсетіледі.

[Job details] экранын көрсету үшін, [Details] түймесін басыңыз.

Job status list

Search options
Search target
 Date published
Date
 December 3 2008
Status
 All
 Search

	Date published	Job name	Status
Details	Dec 3, 2008	DVD_Video	Publishing
Details	Dec 3, 2008	sample_data	Completed
Details	Dec 2, 2008	20090101	Completed

1/1

Jobs that can be republished: 1

[Job details] экраны

[Job details] экраны тапсырмалар бойынша толық мәліметті көрсетеді. Дәл сол мазмұны бар басқа дискіні жариялау үшін, аяқталған дискінің тапсырма ақпаратын пайдалануға болады.

Disc producer User name: EpsonUser1

Job management User information Maintenance Back

Job details

Disc information			Basic information													
Data <table border="1"> <thead> <tr> <th>Name</th> <th>Size</th> <th>Date Modified</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>+ sample_data_1</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>+ sample_data_2</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>+ sample_data_3</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>			Name	Size	Date Modified	+ sample_data_1			+ sample_data_2			+ sample_data_3			Job name sample_data Date published Dec 3, 2008 20:02:07 Last updated Dec 3, 2008 20:03:26 Status Completed	
Name	Size	Date Modified														
+ sample_data_1																
+ sample_data_2																
+ sample_data_3																
Disc type Data CD Size 0 / 650 700 346.1 MB			Publishing information Job type Publish Write verification None Write speed 40 X Number of discs to be published 1 Disc(s) Number of discs published 1 Disc(s)													
			Finished Job Details Publishing was completed.													

Republish

[User information]/[User management] экраны

[User information (User management)] экраны жүйедегі ағымдағы пайдаланушының ақпаратын көрсетеді. Егер жүйеде әкімші болса, экранда барлық тіркелген пайдаланушылардың ақпараты көрсетіледі.

[Change password] экранын көрсету үшін, [Change password] түймесін басыңыз. [Edit user] экранын көрсету үшін, [Edit] түймесін басыңыз.

<Әкімшіден басқа пайдаланушы жүйеге кірген кезде>

Disc producer User name: EpsonUser1

Job management **User information** Maintenance

[Change password](#) [Edit user](#)

User information

User name	EpsonUser1
Full name	
Email address	
Authority	

<Әкімші жүйеге кірген кезде>

Disc producer User name: EpsonAdmin1

Job management **User management** System settings Maintenance

[User registration](#) [User import](#)

User list

		User name	Full name
Edit	Delete	EpsonAdmin1	
Edit	Delete	EpsonAdmin2	
Edit	Delete	EpsonUser1	
Edit	Delete	EpsonUser2	

1/1

[Change password] экраны

[Change password] экраны жүйедегі ағымдағы пайдаланушының құпия сөзін өзгертуге мүмкіндік береді. Егер жүйедегі ағымдағы пайдаланушы әкімші болса, барлық тіркелген пайдаланушылардың құпия сөздерін өзгертуге болады.

[Edit user] экраны

[Edit user] экраны жүйедегі ағымдағы пайдаланушының толық аты мен электрондық пошта мекенжайын өзгертуге мүмкіндік береді. Егер жүйедегі ағымдағы пайдаланушы әкімші болса, барлық тіркелген пайдаланушылардың толық аттарын, электрондық пошта мекенжайларын және өкілеттіктерін өзгертуге болады.

[System settings] экраны (әкімші ғана)

Әр экранды көрсету үшін, [Output device] қойындысын, [Network] қойындысын, [Email] қойындысын және [Date/Time] қойындысын басыңыз.

[Output device] экраны

[Output device] экраны Publish Mode, жетек және қате белгілерін қосу сияқты осы өнімнің параметрлерін тексеруге және өзгертуге мүмкіндік береді.

[Network] экраны

[Network] экраны өнімнің желі параметрлерін тексеруге және өзгертуге мүмкіндік береді.

[Email] экраны


[Email] экраны, мысалы, диск жариялау және сия туралы ақпаратқа қатысты хабарландырудың электрондық поштамен таратылуын орнатуға мүмкіндік береді.

[Date/Time] экраны

[Date/Time] экраны өнімнің ішкі сағатын орнатуға мүмкіндік береді.

[Maintenance] экраны

Әр экранды көрсету үшін, [Device] қойындысын және [Data] қойындысын басыңыз.



[Device] экраны

[Device] экраны өнім жетегінің пайдалану күйін және басып шығарылған дискілердің санын көрсетеді.

[Data] экраны

Өнімнің жұмысына байланысты ақпаратты жүктеп алу үшін, [Download operation log] ішіндегі [Download] түймесін басыңыз. Операциялар журналын техникалық қызмет көрсету және қолдау көрсету үшін пайдаланыңыз.

Егер жүйедегі ағымдағы пайдаланушы әкімші болса, өнімнің орнату ақпараты мен тапсырма тарихы сияқты деректі көшіруге және қалпына келтіруге болады. Бұған қоса, өнімді бастапқы күйіне келтіруге болады.


Принтер драйверін пайдалану әдісі

Принтер драйвері деген не?

Принтер драйверін өнімге арналған негізгі параметрлерді орнату және саңылауларды тексеру және басып шығару механизмін тазалау сияқты техникалық қызмет көрсету әрекеттерін орындау үшін пайдалануға болады. Принтер драйвері Illustrator сияқты EPSON Total Disc Maker басқа қолданбаларды қолдану арқылы жапсырмаларды басып шығаруға мүмкіндік береді.


Принтер драйверінің экранын көрсету

Принтер драйверінің экраны EPSON Total Disc Maker, EPSON Total Disc Setup және [Бастау] мәзірінен көрсетілуі мүмкін.



EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан көрсету


- 1 EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Tool] мәзірінде [Print Settings] түймесін басыңыз.



Принтер драйверінің экраны пайда болады.

EPSON Total Disc Setup бағдарламасынан көрсету


- 1 EPSON Total Disc Setup іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 46-бетіндегі "EPSON Total Disc Setup іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Өнімді таңдап,  [Properties] белгішесін басыңыз.



Ескертпелер

Сондай-ақ, сипаттар экранын [Edit] мәзіріндегі [Properties] түймесін басу арқылы көрсетуге болады.

- 3 [Set Printer] түймесін басыңыз.



Принтер драйверінің экраны пайда болады.

[Бастау] мәзірінен көрсету

Келесі процедура Windows 10 жүйесіне арналған. Принтердің драйверін көрсететін процедура операциялық жүйеңізге байланысты өзгешеленуі мүмкін. Жүйеңізге арналған сипаттамаларды тексеріңіз.

- 1** [Start], [Settings], [Devices] тармағын, кейін [Printers & Scanners] тармағын түртіңіз.
- 2** [EPSON PP-100NPRN], [Manage] басып, [Printing Preferences] тармағын басыңыз.
Принтер драйверінің экраны пайда болады.

Принтер драйверін орнату

[Main] экраны

[Main] экранында негізгі жапсырманы басып шығару параметрлерін жасаңыз.

EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан көрсетілетін болса:


Параметрлер тек EPSON Total Disc Maker ішінде көрсетіледі. EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан шыққан кезде параметрлер жоғалады.

Принтер драйверін көрсету процедурасын бұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан көрсету" бөлімінен қараңыз.

EPSON Total Disc Setup немесе [Бастау] мәзірінен көрсетілетін болса

Орнатылған ақпарат принтер жетегінің параметрлері ретінде сақталады, одан кейін ол, EPSON Total Disc Maker параметрлерінде және басқа қолданбаның басып шығару параметрлерінде көрсетіледі.


Принтер драйверін көрсету процедурасын бұл нұсқаулықтың 65-бетіндегі "EPSON Total Disc Setup бағдарламасынан көрсету" немесе бұл нұсқаулықтың 66-бетіндегі "[Бастау] мәзірінен көрсету" бөлімінен қараңыз.



Input Stacker		Бос дискілер орнатылған жинақтауышты таңдауға мүмкіндік береді.
Output Stacker		Жарияланған дискілер шығарылатын жинақтауышты таңдауға мүмкіндік береді.
Label Type		Басып шығарылатын диск жапсырмасының түрін таңдауға мүмкіндік береді. - Егер Epson компаниясы белгілеген CD дисктерінің маттық жапсырма түріне басып шығарсаңыз, [CD/DVD Label] таңдаңыз. - Егер Epson компаниясы белгілеген DVD дисктерінің маттық жапсырма түріне басып шығарсаңыз, [CD/DVD Premium Label] таңдаңыз.
Mode Setting	Color/Black	Түсті суреттерді басып шығару үшін, [Color] таңдаңыз, ал монохромды басып шығару үшін, [Black] таңдаңыз.
	Quality/Speed	1: Басып шығару сапасы басымды болады. 2: Басып шығару жылдамдығы басымды болады. [Label Type] параметрі [EPSON Specified CD/DVD Label] күйіне орнатылған болса, ол [1] күйіне орнатылады.
	High Speed (Екі бағытты басып шығару)	Егер осы параметрді белгілесеніз, басып шығару жылдамдығы артады, себебі ол басып шығару бастиегі солға не оңға жылжығанда басып шығарады. Жалғыз бағытпен басып шығару үшін, белгіні алып тастаңыз, нәтижесінде басып шығару сапасы жақсартылады. Дегемен, басып шығару жылдамдығы төмендейді.
	Color Settings	[Color Settings] экранын көрсету үшін, басыңыз (осы нұсқаулықтағы 130-бет қараңыз). Басып шығару түстерін орнатуға мүмкіндік береді.
Label Size		Сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтамадан келесі жапсырма өлшемдерінен таңдауға мүмкіндік береді. - Standard: Сыртқы диаметр 116,0 мм, ішкі диаметр 45,0 мм - Wide: Сыртқы диаметр 116,0 мм, ішкі диаметр 25,5 мм - User defined label size: Теңшелетін өлшемді орнатуға мүмкіндік береді
Copies		Жазылатын/басып шығарылатын көшірмелердің санын белгілеуге мүмкіндік береді. (0 - 1000)
Ink Levels		Сия картридждерінде қалған сияның шамамен алынған деңгейін көрсетеді.
Drying Time		Жапсырма басып шығарылған соң, принтер науасындағы дискілерде сияны құрғатуға кететін уақытты орнатуға мүмкіндік береді.
Print Preview		Сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтама арқылы басып шығарған кезде, басып шығармас бұрын, экрандағы басып шығару нәтижелерінің кескінін растау үшін, бұл құсбелгіні таңдаңыз.

[Utility] экраны

[Utility] экранында басып шығару сапасын жүргізу және принтер драйверін іске қосуға арналған параметрлерді орнату үшін әртүрлі техникалық қызмет көрсету функцияларын қолдануға болады.




Nozzle Check	Басып шығару бастиегі бітелгенін тексеруге арналған үлгіні басып шығаруға мүмкіндік береді. Басып шығару бастиегінің бітелгенін көру үшін, басып шығарылған үлгіні тексеріңіз. Осы функцияны пайдалану бойынша толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 152-бетіндегі "Шүмек тексерісін орындау жолдары" бөлімінен қараңыз.
Head Cleaning	Басып шығару бастиегін тазалауға мүмкіндік береді. Басып шығару бастиегі бітелген кезде, осы функцияны іске қосыңыз. Осы функцияны пайдалану бойынша толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 156-бетіндегі "Басып шығару бастиегін тазалау жолы" бөлімінен қараңыз.
Print Head Alignment	Басып шығару нәтижелері тік сызықтарда бос орындарды көрсеткенде немесе анық емес көрінгенде туралауды реттейді. Осы функцияны пайдалану бойынша толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 158-бетіндегі "Басып шығару бастиегін туралау" бөлімінен қараңыз.
Correcting the Printing Position	Басып шығару күйін жоғары, төмен, солға не оңға қарай реттеуге мүмкіндік береді. CD/DVD дискісінде басып шығару нәтижелерін тексеріп, басып шығару күйі жылжып кеткендігін анықтаған болсаңыз, осы функцияны іске қосыңыз. Осы функцияны пайдалану бойынша толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 160-бетіндегі "Басып шығару позициясын түзету" бөлімінен қараңыз.

Принтер драйвері туралы негізгі ақпарат


Жапсырмаларды сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтама арқылы басып шығарған кезде, пайдаланылатын принтер драйверін және басып шығарылатын қағаздың өлшемін орнатасыз.

Бұл бөлімде Microsoft Office Word бағдарламасында жасалған деректің көмегімен жапсырмаларды басып шығару әдісі көрсетілген.

- 1 WordPad іске қосыңыз.
- 2 [Файл] мәзірінде [Басып шығару] басыңыз.



- 3 Пайдаланылатын принтер ретінде EPSON PP-100NPRN таңдаңыз да, [Қолдану] түймесін басыңыз.
- 4 [Басып шығару] экранын жабу үшін, [Болдырмау] түймесін басыңыз.
- 5 [Файл] мәзірінде [Бет параметрлері] басыңыз.




6 [Size] және [Margins] параметрлерін төменде көрсетілгендей орнатыңыз да, [OK] түймесін басыңыз.

[Size] параметрі:

Standard	[Width] және [Height] параметрлерінде, 124 x 124 мм орнатылады.
Wide	[Width] және [Height] параметрлерінде, 124 x 124 мм орнатылады.
Custom Size	[Width] және [Height] параметрлерінде қалаған мәндерді орнатуға мүмкіндік береді.

[Margins] параметрлері:

[Left], [Right], [Top] және [Bottom] параметрлерінің әрқайсысын 2 мм-ге орнатыңыз.



Ескертпелер


EPSON Total Disc Maker бағдарламасынан басқа жасақтама арқылы басып шығарған кезде, келесі параметрлер арқылы басып шығару дерегін жасаңыз.

Қағаз өлшемі: 124x124 мм


Жоғарғы, төменгі, сол жақ және оң жақ жиектер: 2 мм.

7 Басып шығарылатын деректі жасаңыз.

8 [Файл] мәзірінде [Басып шығару] басыңыз.




9 [Теңшелімдер] түймесін басыңыз.



10 Принтер драйверін орнатып, [OK] түймесін басыңыз.

Принтер драйверінің параметрлері туралы толық мәліметі бұл нұсқаулықтың 67-бетіндегі "Принтер драйверін орнату" бөлімінен қараңыз.



11 [Print] түймесін басыңыз.


Басып шығару басталады.

Принтер драйверінің анықтамасын көрсету

Бұл бөлімде принтер драйверінің анықтамасын көрсету әдісі түсіндіріледі.


EPSON принтер драйверінің анықтамасын көрсету әдісі

[Help] түймесін басыңыз.



Опцияның түсініктемесін көрсету әдісі

Опцияның түсініктемесін көрсету үшін, білгіңіз келген опцияны тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз да, Анықтама түймесін басыңыз.



Дискілерді жариялау

Жариялау режимдерінің түрлері

Бұл өнім келесідей жариялау режимдеріне ие: Стандартты режим, сыртқы шығару режимі және топтама режимі.


Стандартты режим

Бұл режим дискілерге арналған кіріс перфоратор қабылдағышы ретінде 1-жинақтауышты пайдаланады. Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 2-жинақтауышты немесе 4-жинақтауышты таңдай аласыз.

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 2-жинақтауышты таңдасаңыз, дискілерді қайта толтырмастан 50 диск жариялай аласыз немесе жарияланған дискілерді шығара аласыз.

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 4-жинақтауышты таңдалса, жариялау кезінде кідіртпестен жарияланған дискілерді оңай шығара аласыз.

Дискілерді үздіксіз қайта толтыру және шығару 1000 дискіге дейін жариялауға мүмкіндік береді.




Сыртқы шығыс режимі

Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 3-жинақтауышты немесе 4-жинақтауышты таңдай аласыз. Шығыс перфоратор қабылдағышы ретінде 4-жинақтауыш таңдалса, жариялау кезінде кідіртпестен жарияланған дискілерді оңай шығара аласыз.

Сыртқы шығыс режимі қолданбаға сәйкес келесідей әдістерде өнімді қолдануға мүмкіндік береді.


- Әр қабылдағышқа басқа диск түрін жүктеу

Мысалы, 1-жинақтауыш ішіне CD-R дискілері, ал 2-жинақтауыш ішіне DVD-R дискілері жүктелсе, қабылдағыш дискілерді ауыстырмастан қажетті дискіні жариялау үшін, қабылдағышты таңдаса болғаны.



- Дискінің бір түрін үздіксіз жариялау


Егер бір типтегі дисктер 1-жинақтауыш және 2-жинақтауыш ішіне жүктелген болса және енгізу қабылдағышының параметрі үшін [Auto] белгіленген болса, дисктерді қайта толтырусыз жарияланған дисктерді шығару арқылы 100-ге дейін CD/DVD/BD дисктерін үздіксіз жариялауға болады. Дисктерді қайта толтыру және жарияланған дисктерді шығару арқылы 1000-ға дейін CD/DVD дисктерін толассыз жариялауға болады.



Топтама режимі

Бұл режим 1-жинақтауыш пен 2-жинақтауыш - кіріс перфатор қаблдағышы және 2-жинақтауыш пен 3-жинақтауыш - шығыс перфатор қаблдағышы ретінде пайдаланады.

1-жинақтауыш пен 2-жинақтауыш қаблдағышының әрқайсысына 50 диск жүктеу дискілерді қайта толтыру немесе жарияланған дискілерді алудың қажетінсіз дәл сол дисктің 100 көшірмесін үздіксіз жариялауға мүмкіндік береді. Дискілерді үздіксіз қайта толтыру және шығару 1000 дискіге дейін жариялауға мүмкіндік береді. Егер осы режимді пайдаланатын болсаңыз, 3-жинақтауыш салғаныңызг көз жеткізіңіз.



Үйлесімді диск түрлері

Басып шығарылатын және жазылатын дискілер әр түрлі болады. Бұл өнімді басып шығарылатын және жазылатын дискілердің екеуіне де қолданған жағдайда, екеуіне де үйлесімді дискілерді пайдаланыңыз.

Дискінің басып шығарылатын түрлері

Өнім басып шығарған 12 см CD/DVD дискілерімен жапсырма бетін басып шығаруға арналған сұйық сиялы принтерді пайдалануға болады.

* Жапсырма беті басып шығарылатын, сұйық сиялы принтерге үйлесімді немесе сол сияқты дискілер нұсқаулықтарында көрсетілген.



- Сұйық сиялы принтерлерге арналған дискілерге қолдау көрсетеді.
- Epson ұсынған CDs/DVD дискілерінен басқа беті қапталған дискілерге қолдау көрсетілмейді.
- 80 мм дискілерге қолдау көрсетілмейді.
- Объектив тазалағышты, CD/DVD затбелгілері мен жапсырмаларын немесе конденсаты бар дискілерді пайдаланбаңыз. Ол өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе ақау пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Шытынаған, қисық немесе пішіні өзгерген дискті пайдаланбаңыз. Диск өнімнің ішінде тұрып сынып кетуі мүмкін, осылайша, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе дискіні шығарған кезде жарақаттануға себеп болуы мүмкін.
- Егер дискілер басып шығарылғаннан кейін бірден бірінің үстіне бірі қойылса, кейбір дискілердің жазылатын беті сия болып қалуы мүмкін. Басып шығару сапасын тексеру үшін қағаз дискіні пайдаланғаныңыз дұрыс. Түсін тексермес бұрын кемінде 24 сағат күтіңіз.
- Кейбір дискілер үшін басып шығару позициясын көтеру қажет болуы мүмкін. Басып шығару бастиегін туралап, басып шығару позициясын түзетіңіз. Басып шығару бастиегін туралау және басып шығару позициясын түзету туралы толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 69-бетіндегі "[Utility] экраны" бөлімінен қараңыз.
- Дестелеу сақинасы кішкентай дискілер пайдалансаңыз, дискілер басып шығармас бұрын немесе одан кейін бір-біріне жабысып қалуы мүмкін.
- Әрбір дискінің жеке өзгешеліктеріне байланысты, тіпті бір дискіге бірдей дерек жазылса да, басып шығару нәтижесі бірдей болмауы мүмкін.

Ескертпелер

Дискінің сапасы басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін. Epson ұсынған CDs/DVD дискілерін пайдаланған дұрыс. Epson барлық басып шығару қажеттіліктеріңіз үшін арнайы CD-R, DVD-R дисктерін ұсынады..

Дискінің жазылатын түрлері

Өнім төмендегі диск түрлерін жаза алады.

Түрі	Сыйымдылық	Сипаттар
CD-R	650/700 Мб	Дерек жазылғаннан кейін оны қайта жазу және жою мүмкін емес.
DVD-R	4,7 Гб (бір жақты, бір қабатты)	Дерек жазылғаннан кейін оны қайта жазу және жою мүмкін емес. Бұл - DVD Forum тарапынан анықталған стандартты DVD дискісі.
DVD+R	4,7 Гб (бір жақты, бір қабатты)	Дерек жазылғаннан кейін оны қайта жазу және жою мүмкін емес. Бұл - DVD+RW Alliance тарапынан анықталған стандартты DVD дискісі.
DVD-R DL	8,5 Гб (бір жақты, екі қабатты)	Дерек жазылғаннан кейін оны қайта жазу және жою мүмкін емес. Бұл диск бір жағына екі қабатты жазба жазу мүмкіндігін береді. Бұл сыйымдылықты арттырады, осылайша жазбаның ұзақ уақыт сақталуына және жоғары сапалы видеоны жазуға мүмкіндік береді. Бұл - DVD Forum тарапынан анықталған стандартты DVD дискісі.
DVD+R DL	8,5 Гб (бір жақты, екі қабатты)	Дерек жазылғаннан кейін оны қайта жазу және жою мүмкін емес. Бұл диск бір жағына екі қабатты жазба жазу мүмкіндігін береді. Бұл сыйымдылықты арттырады, осылайша жазбаның ұзақ уақыт сақталуына және жоғары сапалы видеоны жазуға мүмкіндік береді. Бұл - DVD+RW Alliance тарапынан анықталған стандартты DVD дискісі.



- 80 мм дискілерге қолдау көрсетілмейді.
- Объектив тазалағышты, CD/DVD затбелгілері мен жапсырмаларын немесе конденсаты бар дискілерді пайдаланбаңыз. Ол өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе ақау пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Шытынаған, қисық немесе пішіні өзгерген дискті пайдаланбаңыз. Диск өнімнің ішінде тұрып сынып кетуі мүмкін, осылайша, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе дискіні шығарған кезде жарақаттануға себеп болуы мүмкін.
- Егер дискіде кішкентай сызық немесе шаң болса, жазу (оқу) дұрыс орындалмауы мүмкін. Дискілерді ұстау кезінде аса мұқият болыңыз.
- Пайдаланылған дискіге байланысты, кейбір дискілерді ұсынылған жылдамдықта жазу мүмкін болмайды. Ондай жағдайда, төменірек жылдамдықта жазыңыз. Әсіресе, DVD±R DL дискілеріне төмен жылдамдықта жазуды ұсынамыз.

Ескертпелер

- Дискінің сапасы жазу сапасына әсер етуі мүмкін. Epson ұсынған CDs/DVD дискілерін пайдаланған дұрыс. Epson барлық басып шығару қажеттіліктеріңіз үшін арнайы CD-R, DVD-R дискілерін ұсынады.
- Жазуға болатын диск түрлері туралы толық мәліметті EPSON Total Disc Maker Help қараңыз.

Дискілерді қолдану

Пайдалану туралы ескертпелер



- Дискіні қолданған кезде жазылатын бетін ұстамаңыз.
- Саусақ іздері, кір, шаң, су, сызықтар және т.б. нәрселер жапсырма бетіне және жазылатын бетке тимеуін қадағалаңыз. Кез келген шаңды, кірді және соған ұқсас нәрселерді жұмсақ, құрғақ шүберекпен немесе сатып алуға болатын CD тазалағышымен ақырын сүртіңіз. Бензин, еріткіш немесе антистатикалық қоспаларды пайдаланбаңыз.
- Дискті лақтырмаңыз немесе күш салмаңыз.
- Дискіге артық шамадан тыс күш салмаңыз, мысалы, қысқышпен қысып, бүкпеңіз.
- Дискіге жабысқақ стикер жапсырмаңыз. Олай істеген жағдайда, ендігері жазу, басып шығару немесе ойнату мүмкін болмайды.
- Дискіні шаң және кір көп болған жерде пайдаланбаңыз.
- Егер жазу және басып шығару бөлек орындалса, жазуды басып шығарудан бұрын орындаған дұрыс.
- Дисктерді қатталған күйде қалдыру дисктердің бір-біріне жабысуына себеп болуы мүмкін.
- Басып шығару процесі аяқтала салысымен басып шығару бетіне тікелей жанасу немесе сұлау , жазудың айғыздануына себеп болады.
- Басып шығарғаннан кейін дисктердің жеткілікті түрде құрғауына мүмкіндік беріңіз. Бірақ, олардың табиғи түрде құрауына мүмкіндік беріңіз. Фен немесе басқа да құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Мәтін тек қана басып шығару бетіне жазылады. Жазған кезде, фломастер немесе ұшы жұмсақ жазу құралын пайдаланыңыз. Қалам, қарындаш немесе басқа да ұшы қатты жазу құралдарын пайдаланбаңыз. Сонымен қатар, жазылған мәтінді өшіруге әрекеттенбаңыз.
- Осы өнім көмегімен басып шығарылған дискіні автоматты жүктеу механизмінде, яғни диаметрі 33 мм-ден асатын ұстау механизмі бар жетекте немесе автокөлік ішіндегі жетекте пайдаланбаңыз. Сонымен қатар, дискіні ұзақ уақыт бойы өнімнің ішінде қалдырмаңыз.
- Егер ол жетекпен немесе ойнатқышпен үйлеспесе, жарияланған дискі анықталмауы мүмкін.

Сақтау туралы ескертпелер



- Тікелей күн сәулесі түсетін, жылытқыш құрылғылардың жаны сияқты жоғарғы температура немесе ылғалдық әсеріне ұшырайтын жерлерге дискілерді қоймаңыз.
- Дискілерді температура күрт өзгеретін жерлерге қоймаңыз. Олай істеген жағдайда булануы мүмкін.
- Дискінің үстіне ештеңе қоймаңыз.
- Дискілерді арнайы қаптарда сақтаңыз және оларға таспа, карта немесе басқа да материалдың басып шығару бетіне тиіп тұрмауын қадағалаңыз. Ондай заттар басып шығару бетін сырып тастауы мүмкін.
- Басып шығару беткейіне тікелей тиіп кетуі мүмкін болған жұмсақ құндақтар мен сөмкелерде дисктерді сақтамаңыз. Олай істеген жағдайда, дискілер жабысып, түстер бұлдырап немесе түссізденуі мүмкін.
- Дискінің басып шығарылатын беті жабық күйде сақтамаңыз. Олай істеген жағдайда, түстер бұлдырап немесе түссізденуі мүмкін.
- Маңызды деректің резервтік көшірмесін жасаңыз. Деректі ұзақ уақыт бойы сақтаған кезде, деректің резервтік көшірмесін жүйелі түрде жасап отыруыңызды ұсынамыз.

Ескертпелер

Басқа да дискіні ұстау процедуралары және дискілерге қатысты сақтық шаралары туралы қолдану нұсқаулығын қараңыз.

Басып шығарылатын аймақ

Басып шығарылатын аймақ - басып шығаруға болатын дискінің жапсырма бетінің аймағы.

Басып шығарылатын аймақ пен ұсынылған басып шығару аймағы төмендегі кестеде көрсетілген. Басып шығару төмендегі суреттегі сұр аймақта орындалады.



- Ұсынылған басып шығару аймағынан тыс жерде басып шығару дискілердің немесе науаның кірлеуіне, басып шығарудың бұлдырауына немесе дискілердің бір-біріне жабысып қалуына себеп болады.
- Дискілердің басып шығару аймағынан тыс басып шығаратын болсаңыз, басып шығару аймағынан тыс басып шығарылған сия сіңбейді. Параметрді баптамас бұрын пайдаланып жатқан дискілердің жапсырмасының басып шығару ауқымын тексеріңіз.

Басып шығарылатын аймақ		Ұсынылатын басып шығаруға болатын аймақ	
 Ішкі диаметрі Сыртқы диаметрі		 Ішкі диаметрі Сыртқы диаметрі	
Ішкі диаметрі	Сыртқы диаметрі	Ішкі диаметрі	Сыртқы диаметрі
18,0 мм	119,4 мм	45,0 мм	116,0 мм

EPSON Total Disc Maker [Set Inside/Outside Diameter] басып шығару аймағын немесе принтер драйверінің экранындағы [Label Size] орнатыңыз. [Standard] және [Wide] таңдаңыз немесе оңтайлы көлемді орнатыңыз. (Оңтайлы көлемді қалай орнату қажеттігі туралы бұл нұсқаулықтың 82-бетіндегі "Басып шығару аймағын өзгерту" бөлімін қараңыз.)

[Standard] және [Wide] басып шығару аймақтары төмендегі кестеде көрсетілген. Басып шығару төмендегі суреттегі сұр аймақта орындалады.

Standard		Wide	
 Ішкі диаметрі Сыртқы диаметрі		 Ішкі диаметрі Сыртқы диаметрі	
Ішкі диаметрі	Сыртқы диаметрі	Ішкі диаметрі	Сыртқы диаметрі
45,0 мм	116,0 мм	25,5 мм	116,0 мм


Басып шығару аймағын өзгерту

Басып шығару аймағының параметрін өзгерту стандартты және кең өлшемдерден басқа өлшемдегі жапсырманы басып шығаруға мүмкіндік береді.

EPSON Total Disc Maker:

Қосымша басып шығару аймағын орнату үшін келесідй процедураны пайдаланыңыз.

- 1 EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Label] басыңыз.
Жапсырма көрінісі пайда болады.
- 3 Құралдар тақтасындағы  [Set Inside/Outside Diameter] басыңыз.
[Print Area Inside/Outside Diameter] диалогтік терезесі пайда болады.



- 4 Басып шығару аймағының ішкі және сыртқы диаметрлерін және қабырғалық аймақты орнатыңыз.

Параметр элементі	Сипаттама
Inside Diameter	Жапсырманың ішкі диаметрін орнатыңыз. 1,80 - 5,00 аралығындағы мәнді орната аласыз.
Outside Diameter	Жапсырманың сыртқы диаметрін орнатыңыз. 7,00 - 11,94 аралығындағы мәнді орната аласыз.
Mask Rib Area	Қабырғалық аймақты бүркемелеу үшін таңдаңыз. Қабырға - шеңбер ішіндегі дискінің шығыңқы бөлігі. Басып шығарылған диск және қабырға шығыс жинақтаушысында тиіп тұрғанда қабырға аймаын бүркемелеу сияның қабырғаға өтіп кетуіне жол бермейді.
Rib Inside Diameter	Қабырға аймағының ішкі диаметрін орнатыңыз. 2,70 - 5,00 аралығындағы мәнді орната аласыз.
Rib Width	Қабырға аймағының енін орнатыңыз. 0,01- 1,15 аралығындағы мәнді орната аласыз.



- Басып шығармас бұрын, орнатылған басып шығару аймағы сіз пайдаланып жатқан дискілердің басып шығару аймағынан аспауы қажет.
- Жинақтауыш сақинасында (шоғырлас шеңбер проекциясы) басып шығару түстердің бұлыңғыр болып шығуына себеп болады.
- Жинақтауыш сақинасында (шоғырлас шеңбер проекциясы) басып шығару сияның дискінің бетіне жағылуына, сыдырылып түсуіне немесе басып шығарылғаннан кейін дискілердің бір-біріне жабысып қалуына себеп болады.

5 [OK] түймесін басыңыз.

Орнатылған ішкі және сыртқы диаметрлер өңдеу аймағында көрсетіледі.


Сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтамадан басып шығару

Пайдаланушы анықтайтын жапсырма көлемін (жапсырма өлшемі принтердің драйверімен қамтамасыз етілмейді) тіркеу үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

1 Принтер драйверінің параметр экранын көрсетеді.

Көрсету процедурасы туралы 65-беттегі "EPSON Total Disc Setup бағдарламасынан көрсету" немесе бұл нұсқаулықтың 66-бетіндегі "[Бастау] мәзірінен көрсету" бөлімінен қараңыз.

2 [Label Size] үшін [User Defined] таңдаңыз.



- 3 [Name of Custom Label Size], [Inside diameter] және [Outside diameter] параметрлерін енгізіп, [Save] басыңыз.

Параметр элементі	Сипаттама
Name of Custom Label Size	Пайдаланушы анықтайтын жапсырма өлшемінің атын енгізіңіз (таңбалар саны: 24 -ке дейін). 4 байттық таңбалар пайдаланылса, сіз пайдалана алатын таңбалар саны жоғарыдағы мәннен аз боп қалады.
Inside Diameter	Жапсырманың ішкі диаметрін орнатыңыз. 180 - 500 (18,0 - 50,0 мм)аралығындағы мәнді орната аласыз.
Outside Diameter	Жапсырманың сыртқы диаметрін орнатыңыз. 700 - 1,194 (70,0 - 119,4 мм)аралығындағы мәнді орната аласыз.
Mask Rib Area	Қабырғалық аймақты бүркемелеу үшін таңдаңыз. Қабырға - шеңбер ішіндегі дискінің шығыңқы бөлігі. Басып шығарылған диск және қабырға шығыс жинақтаушысында тиіп тұрғанда қабырға аймаын бүркемелеу сияның қабырғаға өтіп кетуіне жол бермейді.
Rib Inside Diameter	Қабырға аймағының ішкі диаметрін орнатыңыз. 270 - 500 (27,0 - 50,0 мм)аралығындағы мәнді орната аласыз.
Rib Width	Қабырға аймағының енін орнатыңыз. 1 - 115 (0,1 - 11,5 мм)аралығындағы мәнді орната аласыз.




Қабырға аймағында басып шығару дискілерде сияның жағылуына, дискілердің бір-біріне жабысып қалуына немесе түссізденуге себеп болады.

Ескертпелер

Ұсынылған басып шығару аймағынан (45,0 мм диаметрінде немесе одан да үлкен және 116,0 диаметрінен тыс) тыс ауқым орнату және басып шығару дискілердің немесе науаның ластануына, сыдырылуына немесе басып шығарылғандардың бұлығырлануына немесе дискілердің бір-біріне жабысып қалуына себеп болады. Параметрді баптамас бұрын пайдаланып жатқан дискілердің жапсырмасының басып шығару ауқымын тексеріңіз. Ұсынылған басып шығару аймағы туралы толық мәліметі бұл нұсқаулықтың 81-бетіндегі "Басып шығарылатын аймақ" бөлімінен қараңыз.

4 [OK] түймесін басыңыз.



Пайдаланушы анықтатын жаңа жапсырма өлшемі [Main] экранының [Name of Custom Label Size] ішінде тіркелді.

Ескертпелер


EPSON Total Disc Maker бағдарламалық жасақтамасынан басқа жасақтамамен басып шығару кезінде, басып шығару дерегін жасау үшін мына параметрлерді пайдаланыңыз.

- Қағаз өлшемі: 124 x 124 мм
- Барлық жақтарындағы жиектер: 2 мм


Жапсырма өлшемдерін өзгерту және жою

Бұл бөлім тіркелген пайдаланушы анықтайтын жапсырма өлшемдерін қалай өзгертіп, жоюға болатындығы туралы түсіндіреді.

- 1 Принтер драйверінің параметр экранын көрсетеді.
Көрсету процедурасы туралы 65-беттегі "EPSON Total Disc Setup бағдарламасынан көрсету" немесе бұл нұсқаулықтың 66-бетіндегі "[Бастау] мәзірінен көрсету" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Label Size] үшін [User Defined] таңдаңыз.




- 3** Экранның сол жағындағы [Custom Label Size List] ішінен өзгерту немесе жою үшін жапсырма өлшемін таңдаңыз. Тіркелген параметрлерді өзгерту үшін, экранның оң жағындағы параметрлерді өңдеңіз.



- 4** Тіркелген параметрлерді өзгерті үшін [Save] түймесін басыңыз. Жапсырма өлшемін жою үшін [Delete] түймесін басыңыз.
- 5** Растау хабарламасы пайда болғанда [OK] түймесін басыңыз.

Дискілерді жариялауға арналған ағын

Бұл бөлім EPSON Total Disc Maker көмегімен дискілерді қалай жариялау қажеттігін түсіндіреді.
EPSON Total Disc Maker туралы мәліметтерді 42-беттегі "EPSON Total Disc Maker" бөлімінен қараңыз.



Ескертпелер

Басқа бағдарламалық жасақтама көмегімен жасалға басып шығару дерегі туралы бұл нұсқаулықтың 70-бетіндегі "Принтер драйвері туралы негізгі ақпарат" ішінен қараңыз.

Дисктерді жүктеу

Дискілерді сөреге жүктеп, салу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Дискілерді жинақтауышқа жүктеңіз. Дискілерді жетектерге немесе принтерге жүктемеңіз. Оған қоса, дискілерді 1-жетек пен 2-жетек арасына жүктемеңіз. Оларды қайта шығару қиын болады.

1 Дисктердің бір-біріне жабысып қалуын болдырмау үшін дискілерді толықтай ажыратыңыз.




- Дискіні сырып алмау үшін аса мұқият болыңыз.
- Жинақтауышқа дискілер жүктелгеннен кейін ұзақ уақыт өтсе, ажыратылған дискілер қайта жабысып қалуы мүмкін. Олар жүктелгеннен кейін ұзақ уақыт өтсе, дискілерді қайта желдетіп шығыңыз.

2 Кіріс жинақтауышын шығарып, ішіне диск жүктеңіз.



Жинақтауыш өнімге тіркелген кезде дискілерді қоспаңыз немесе алмаңыз. Жинақтауышты алдын ала алғаныңызға көз жеткізіңіз.



Жапсырма бетін жоғары қаратып қойыңыз.

Кіріс жинақтауышы ретінде қолданылатын жинақтауыш орнатылған жариялау режиміне байланысты өзгереді. Төмендегі кестеде кіріс жинақтауышын растаңыз.

Жариялау режимі	Input Stacker	Дискілер саны
Стандартты режим	1-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
Сыртқы шығыс режимі (1-жинақтауыш пен 2-жинақтауышқа дискілердің басқа түрлерін жүктеуге болады)	1-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
	2-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
Топтама режимі	1-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
	2-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін



- Дискілерді жинақтауыштағы қызыл нүктелі сызықтан артық жүктемеңіз. Өнім дұрыс істемеуі немесе диск зақымдалуы мүмкін.
- Дискілерді жүктемес бұрын жинақтауыштың төменгі жағы кір еместігіне көз жеткізіңіз.
- Топтама режимі үшін және Сыртқы шығыс режимі үшін 3-жинақтауыш шығыс жинақтауыш ретінде орнатылғанда, 3 жинақтауыш пен 4-жинақтауышқа бірде-бір диск жүктелмегеніне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, құлыптау иінтірегін [LOCK] күйге орнатыңыз, және 4-жинақтауышты шығармаңыз.
- 3-жинақтауыш стандартты режимде және 4-жинақтауыш сыртқы шығыс режиміндегі шығыс перфоратор жинақтауышы ретінде орнатылса, пайдаланылмайды. 3-жинақтауышты алыңыз.

3 Жинақтауышты енгізіп, диск қақпағын жабыңыз.

Жазу дерегін тіркеу


EPSON Total Disc Maker диск көрінісінде жазба деректерін тіркеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Ескертпелер

Егер сіз тек диск жапсырмаларын басып шығарғыңыз келсе, жазу дерегін тіркеудің қажет жоқ.


Бұл бөлім фотосурет дерегінің CD дискілерін жариялау процедурасының мымалын түсіндіреді.

- 1** EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
Диск көрінісі пайда болады.
- 2** [Type] үшін [Data CD] таңдаңыз және [Apply] түймесін басыңыз.




Егер жариялағыңыз келген диск түрі кіріс жинақтауыш үшін орнатылғаннан өзгеше болса, әкімшіден кіріс жинақтауышына арналған диск түрін өзгертіп беруін сұраңыз.

3 [Change Setting] түймесін басыңыз.




4 [File system] таңдап, [OK] түймесін басыңыз. Бұл мысалда, [Joliet (Windows compatible + ISO 9660)] таңдалады.




5 [Volume Label] үшін кез келген атты енгізіңіз.

Мына мысалда, [20090101] енгіземіз.




6 [Start Explorer] басыңыз.



Ескертпелер

[Auto Insert Data...] опциясын басу деректерді біріктіріп, жазуға мүмкіндік береді. Толық мәліметті EPSON Total Disc Maker Help қараңыз.

7 Explorer ішінен кез келген кескін дерегін жазу үшін CD дискісіне арапыңыз.



Сіз апарып қойған дерек деректер тізімінде пайда болады.

Ескертпелер

- Деректі тіркелгеннен кейін өзгертсеңіз, [Format Check] басыңыз.
- Тіркелген дерек таңдалған файл жүйесінің шектеулерімен сәйкес келмеген жағдайда, [File System Restrictions] диалогтік терезесі пайда болады. Сонымен қатар, қосылған дерекке байланысты, [Format Check] түймесін баспай тұрып, [File System Restrictions] диалогтік терезесі пайда болады. Файлдық жүйенің шектеулері туралы толық мәліметті EPSON Total Disc Maker Help қараңыз.
- Жазу дерегін тіркегеннен кейін [File] мәзірінің [Create Disc Image] түймесін бассаңыз, тіркелген дерек диск кескінінің файлы ретінде сақталады. Тіркелген деректің CD/DVD көшірмелерін жасау кезінде диск кескінінің файлы қолданылады. CD/DVD көшірмелерін жасау процедуралары туралы бұл нұсқаулықтың 123-бетіндегі "Диск кескіні файлдарынан көшірмелер жасау" ішінен қараңыз.

Жазу дерегін тіркеу аяқталды.

Енді, жапсырма жасаңыз.

Жапсырмаларды жасау

EPSON Total Disc Maker жапсырма көрінісіндегі жапсырма дизайнын жасау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Ескертпелер Егер деректерді тек дискілерге жазғыңыз келсе, жапсырма жасаудың қажеті жоқ.

Жапсырма көрінісінде, жапсырманың басып шығару нәтижелерінің кескіні пайда болады. Басып шығару нәтижелерінің кескінін тексеру кезінде жапсырманы өңдеу аласыз.

Бұл бөлімде EPSON Total Disc Maker ұсынған үлгілердің біреуін пайдалану арқылы жапсырмаларды жасау жолы сипатталған. Жеке деректеріңізді пайдалану үшін осы нұсқаулықтың 117-беттегі "Жеке кескіндерді пайдаланып затбелгілерді жасау" бөлімін қараңыз.

Үлгіні таңдау

EPSON Total Disc Maker үлгілердің неше түрімен қамтамасыз етілген. Үлгілерді қолдану арқылы күрделі дизайнға жапсырмаларды оңай жасауға болады.


[Template] экранында, жазуға арналған дерек түріне байланысты [Data], [Photo] және [Music and Video] арасынан үлгі таңдай аласыз.

Ескертпелер Жасалған деректі үлгі ретінде сақтасаңыз, сол үлгіні таңдай аласыз. Үлгілерді жасау процедуралары туралы бұл нұсқаулықтың 120-бетіндегі "Жапсырма үлгілерін жасау" ішінен қараңыз.


Бұл мысалда, біз фотосуреттерге арналған үлгіні пайдаланамыз.

- 1 [Label] басыңыз.
Жапсырма көрінісі пайда болады.


- 2** [Source] таңдаңыз. Сіз жасаған үлгіні қолдану үшін, [...] басыңыз және үлгі сақталған қалтаны көрсетіңіз.
Мына мысалда, [Photo] таңдаймыз.



- 3** Пайдаланылатын үлгіні таңдап, [Apply] түймесін басыңыз.
Бұл мысалда, экранның жоғарғы сол жағындағы кескінді пайдаланамыз.
Нобай экранының жоғарғы сол жағындағы кескін таңдалғанын тексеріңіз және [Apply] басыңыз.



Үлгінің басып шығару кескіні пайда болады.




Өндік режимді (осы нұсқаулықтың 96-бет-бетін қараңыз) таңдаңыз, элементтерді (осы нұсқаулықтың 97-бет-бетін қараңыз) өңдеңіз және құрылымды (осы нұсқаулықтың 104-бет-бетін қараңыз) қажетінше баптаңыз.


Өндік режимді таңдау

[Background] экранында өндік режим түсі мен реңін таңдай аласыз. Өндік режим ретінде қалаған кескінді қоя аласыз.

- 1 [Type] таңдаңыз.
Мына мысалда, [Gradation] таңдаймыз.



- 2** [Start color] және [Finish color] үшін түстерді таңдаңыз және реңк түрін таңдаңыз.
Бұл мысалда, [Start color] үшін қара түс, ал [Finish color] үшін сұр түс таңдаймыз.




Элементтерді өңдеу

[Edit Item] экранында, мәтін, кескіндер, нобайлар, штрх кодтар, қалта құрылымдары және пішімдер сияқты элементтерді енгізіп, өңдей аласыз.


Бұл мысалда, мәтінді өңдеп, элементті жойып, нобай мен штрих код енгіземіз.

Мәтінді өңдеу


- 1** Өңдеу аймағында [DISC TITLE] басыңыз.




- 2** [Text] ішіне қойғыңыз келген мәтінді енгізіңіз.
Мына мысалда, "үлгі кескіндер" енгіземіз.



- 3** Өңдеу аймағында [Sub Title] басыңыз және мәтінге орнатыңыз.
Бұл мысалда, [Text Color] үшін қара түсті тандаймыз.




- 4 [Text] ішінен "Sub Title" жойып, [Auto Insert Data] түймесін басыңыз.




- 5 Auto Data (Автоматты дерек) and Properties (Сипаттар) мәнін орнатыңыз және [OK] басыңыз.

Мысалы, егер бүгін желтоқсанның 2-сі, 2008 жыл болса, ал сіз 01/01/2009 күнінің пайда болғанын қаласаңыз, [Date (Күнді)] таңдаңыз және [Addition Unit] мәнін [Day (Күнге)] орнатыңыз, содан кейін бүгінгі күнге 30 күн қосуға мүмкіндік беретін [Addition Time] мәнін [30] етіп орнатыңыз.



Күн пайда болады.




Ескертпелер

Деректерді автоматты енгізу бойынша толық мәліметті EPSON Total Disc Maker анықтамасынан қараңыз.

Элементтерді жою

Өңдеу аймағында жойғыңыз келген элементте тінтуірдің оң жақ батырмасын басып, [Delete Item] тармағын таңдаңыз.


Мына мысалда, [Data Name] жоямыз.




Тармақ жойылды.

Нобайларды енгізу


1 Өңдеу аймағында нобайды басыңыз.




2  басып, енгізгіңіз келген кескін нобай ретінде сақталған қалтаны көрсетіңіз немесе [Auto Insert Data] басыңыз. Бұл мысалда, [Auto Insert Data] басамыз.



3 [Auto Data] ішінде [Target Folder] таңдалғанына көз жеткізіңіз және [OK] басыңыз.



бұл нұсқаулықтың 90-бетіндегі "Жазу дерегін тіркеу" ішінде тіркелген кескін дерегінің нобайлары пайда болады.



Штрих кодтарды енгізу




- Штрих-кодтар мен 2D кодтарын басып шығару кезінде Epson брэндінің сия картридждерін пайдаланыңыз.
- Epson тарапынан нұсқалмаған CD/DVD дискілерінде штрих-кодтар мен 2D кодтарын басып шығару кезінде басылып шығарылған штрих-кодтардың немесе 2D кодтарының сканер тарапынан дұрыс оқылатынына көз жеткізіңіз.
- Штрих-кодтар мен 2D кодтарын басқа басып шығару деректерімен қабаттасатын жерлерге немесе басып шығару аймағынан асатын жерлерге орналастырмаңыз.
- Штрих-кодтар мен 2D кодтары ақпаратты білдіру үшін қара-ақ арақатынасын пайдаланады. Егер сия сіңімділігі қара-ақ арақатынасының нашарлауына себеп болатын болса, штрих-кодтар мен 2D кодтарының дұрыс оқылмауы мүмкін. Басылып шығарылған штрих-кодтардың немесе 2D кодтарының сканер тарапынан дұрыс оқылатынына көз жеткізіңіз.
- Екі бағыттық басып шығару арқылы басылып шығарылған штрих-код дұрыс оқылмаса, басып шығару басын (осы нұсқаулықтың 158-бет-бетін қараңыз) туралап, содан кейін штрих-кодты басып шығарыңыз немесе штрих-кодты бір бағыттық басып шығару арқылы басып шығарыңыз.

1




[Barcode] басыңыз және штрих кодты орналастырғыңыз келген жерді басыңыз.



2 [Type] және [Entry Method] таңдаңыз.

Бұл мысалда, "QR Code" таңдаймыз және мәтін енгіземіз.
Штрих-код пайда болады.




Құрылымды баптау


[Layout] экранында, сіз енгізген тармақтардың құрылымына баптау жасай аласыз.

1 Құрылымын баптағыңыз келген элементті таңдаңыз.


Мына мысалда, штрих кодты таңдаймыз.



2 [Align Vertical Center of Disc] басыңыз.



Штрих код дискінің ортасында пайда болады.



Жапсырманы жасауға арналған параметрлер аяқталған кезде, дискті жариялаңыз.


Дискілерді жариялау

EPSON Total Disc Maker басып шығару көрінісіндегі өнім дискісін басып шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



- Өнімді ұзақ уақыт бойы сақтағаннан кейін немесе қандай да бір қате орын алғаннан кейін алғашқы рет пайдаланған кезде жоқ болған нүктелер мен сия дақтары пайда болып, көп жағдайда басып шығару сапасын төмендетуі мүмкін. Бірнеше дискіні жариялау кезінде, бір дискіні алдын ала жариялап көріңіз, барлық нүктелердің бар екеніне көз жеткізіңіз. Қандай да бір нүкте жоқ болса, бастиекті тазалаңыз. Бастиекті тазалау процедурасы туралы толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 155-бетіндегі "Басып шығару бастиегін тазалау" бөлімінен қараңыз.
- Егер жазу және басып шығару бөлек орындалса, жазуды басып шығарудан бұрын орындаған дұрыс. Егер дискілерге жазуды басып шығарудан кейін орындасаңыз, сия дисктердің бір-біріне жабысып қалуына, кірленуіне, тоттануына себеп болып, дисктегі сызықтар жазу қатесінің орын алуына әкелуі мүмкін.

- 1 [Publish] басыңыз.
Жариялау көрінісі пайда болады.
- 2 [Write Data] және [Print Label] біреуі немесе екеуі де таңдалғанын тексеріңіз.
Бұл мысалда, дерек жазып, жапсырманы басып шығарамыз, сондықтан екеуі де таңдалған.



3 [Output Device], [Input Stacker], [Output Stacker], [Write Speed], [Write Verification], [Label Type], [Print Mode Setting] және [Copies] қажетінше орнатыңыз.




- Пайдаланылған дискілерге байланысты жазу жылдамдығы орнатылған жылдамдықтан төмен болуы мүмкін.
- Пайдаланылған дискіге байланысты, кейбір дискілерді ұсынылған жылдамдықта жазу мүмкін болмайды. Ондай жағдайда, төменірек жылдамдықта жазыңыз. Әсіресе, DVD±R DL дискілеріне төмен жылдамдықта жазуды ұсынамыз.
- Егер Epson тарапынан нұсқалған CD дисктерінің маттық затбелгі түріне басып шығаратын болсаңыз, [Label Type] параметрін [CD/DVD Label] ретінде орнатыңыз.
- Егер Epson тарапынан нұсқалған DVD дисктерінің маттық затбелгі түріне басып шығаратын болсаңыз, [Label Type] параметрін [CD/DVD Premium Label] ретінде орнатыңыз.
- [Label Type] [EPSON Specified CD/DVD Label (EPSON ұсынған CD/DVD жапсырмасына)] орнатылса, [Print Mode Setting] мәні [1] болады.


Ескертпелер

Егер [Compare] мәні [Write Verification] орнатылса, деректің дискілерге дұрыс жазылғандығын растай аласыз.

4 [Publish] басыңыз.



- 5** Бір дискіні қайта жасау мақсатында жарияланған тапсырманы пайдалануға мүмкіндік беру үшін тапсырма дерегін сақтағыңыз келсе, [Yes] түймесін басыңыз. Бұл мысалда, тапсырма дерегін сақтау мүмкін болмағандықтан, [No] түймесін басамыз.



Ескертпелер

- Егер Auto Data (Автоматты дерек) (Жариялау күні немесе жарялау уақыты) жапсырманың басып шығару дерегі ретінде автоматты түрде енгізілсе, тапсырма дерегін сақтау мүмкін емес.
- Бірдей дискі жасау процедуралары туралы бұл нұсқаулықтың 125-бетіндегі "Дәл сол дискілерді жарияланған дискілер ретінде жасау" ішінен қараңыз.

EPSON Total Disc Monitor іске қосылады және дискіні жариялау процесі басталады.



топтама режимінде, жариялау процесі кезінде 2-жинақиауыш шығарылса, 2-жинақтауыш қайта жүктелген кезде, тіпті, ол шығыс жинақтауышына ауыстырылса да. ол әрдайым кіріс жинақтауышы ретінде анықталады. . 2-жинақтауыштан жарияланған дискілерді шығарыңыз.

Ескертпелер

- Өңделуі қажет тапсырмалар болса, дискіні жариялау процесі тапсырмалар жарияланған тәртіппен басталады.
- Жарияланған дискілерді шығару процедуралары туралы бұл нұсқаулықтың 109-бетіндегі "Дискілерді шығару" ішінен қараңыз.

Дискілерді шығару

Басылған дисктерді шығару үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1 Диск қақпағын ашып (тек шығыс жинақтауышы 2-ші немесе 3-жинақтауыш болғанда ғана), жинақтауышты шығарыңыз.




- Тапсырма орындалып жатқанда (BUSY жарық диоды жыпылықтаған кезде) диск қақпағын ашпаңыз. Бұл жазу немесе басып шығару сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Егер тапсырма орындалып жатқан кезде диск қақпағын ашсаңыз, баяу шыңылдаған дабыл естіледі және ағымдағы тапсырманың күйі Күту режимінде болады. Егер диск қақпағын жапсаңыз, тапсырманың орындалуы автоматты түрде жалғасады.
- Егер тапсырма орындалып жатса, алдымен тапсырманы кідіртіңіз де, содан кейін диск қақпағын ашыңыз. Тапсырманы кідірту процедурасын бұл нұсқаулықтың 113-бетіндегі "Кідірілген тапсырмалар" бөлімінен қараңыз.
- Тұтқа операциясы кезінде өз қауіпсіздігіңіз үшін, қолыңызды ішіне салмаңыз.
- Тұтқа қозғалып тұрғанда ешқандай қабылдағышты пайдаланбаңыз. Бұл тұтқаны зақымдауы мүмкін.
- BUSY жарық диоды жылдам жыпылықтап тұрғанда, 2- жинақтауышты ашпаңыз, себебі дискілер 4-жинақтауышқа шығарылып жатыр. Олай істеген жағдайда дискілер зақымдалуы мүмкін.
- Жинақтауыш өнімге тіркелген кезде дискілерді алмаңыз. Жинақтауышты алдын ала алғаныңызға көз жеткізіңіз.

2 Жинақтауыштан жарияланған дисктерді шығарыңыз.


Шығыс жинақтауышы ретінде қолданылатын жинақтауыш орнатылған жариялау режиміне байланысты өзгереді. Төмендегі кестеде шығыс жинақтауышын растаңыз.

Жариялау режимі	Output Stacker	Дискілер саны
Стандартты режим (шығыс жинақтауышы [Stacker 2] мәніне орнатылғанда)	2-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
Стандартты режим (шығыс жинақтауышы [Stacker 4] мәніне орнатылғанда)	4-жинақтауыш	Шамамен 5 дискіге дейін
Сыртқы шығыс режимі (шығыс жинақтауышы [Stacker 3] мәніне орнатылғанда)	3-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
Сыртқы шығыс режимі (шығыс жинақтауышы [Stacker 4] мәніне орнатылғанда)	4-жинақтауыш	Шамамен 5 дискіге дейін
Топтама режимі	2-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін
	3-жинақтауыш	Шамамен 50 дискіге дейін


<2-жинақтауыш>



<3-жинақтауыш>



<4-жинақтауыш>



3 Жинақтауышты енгізіп, диск қақпағын жабыңыз.



- Басып шығарудан бұрын немесе басып шығарудан кейін жапсырма бетіне тікелей жанасу немесе сулау жазулардың бұлыңғырлануына немесе дискілердің бір-біріне жабысып қалуына себеп болады.
- Жапсырма бетінде басып шығарғаннан кейін, Epson тарапынан нұсқалған CD/DVD дискілердің кемінде 1 сағат бойына және басқа типтегі дискілердің кемінде 24 сағат бойына құрғауына мүмкіндік беріңіз. Дискілерді жетекке немесе басқа құрылғыға толық құрғамағанша салмаңыз.
- Тікелей күн сәулесіне құрғағаны дұрыс.

Ескертпелер

- Дискілер Топтама режимінде жарияланғанда, 2-жинақтауышқа жүктелген дискілер саны мен 3-жинақтауышқа шығарылатын дискілер саны бір-біріне сәйкес келмейді. Сонымен қатар, 50 диск шығарылмауы мүмкін. Дәл осы әдіс 2-жинақтауышқа шығарылатын дискілер үшін қолданылады. Топтама режимінде, 3-жинақтауышқа шығарылған дискілердің десте биіктігі максималды мәнге жеткенде, шығару жинақтауышы 2-жинақтауышқа ауысады. Сондықтан, жинақтауышқа шығарылатын дискілердің саны қолданылатын дискілердің қалыңдығына байланысты болады.
- 4-жинақтауыш шамамен төрт дискіге дейін ұстайды. 4-жинақтауыш толған кезде тапсырма уақытша тоқтатылады. Егер жарияланған дисктерді 4-жинақтауыштан шығарсаңыз, тапсырма автоматты түрде жалғастырылады.
- Жарияланған дискілерді 4-жинақтауышқа тапсырманы уақытша тоқтатпай-ақ шығаруға болады.

Тапсырма операцияларын орындау

Тапсырма ақпаратын тексеру

Тапсырмалардың тарихы мен олар туралы толық мәліметті тексеру үшін төмендегі процедураны пайдаланыңыз.

EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.

Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.

[Job management] экраны пайда болады.

	Date published	Job name	Status
Details	Dec 3, 2008	DVD_Video	Publishing
Details	Dec 3, 2008	sample_data	Completed
Details	Dec 2, 2008	20090101	Completed

1/1

Jobs that can be republished: 1

Тапсырмалар тізімі бұл өнімге жарияланған төмендегідей күйі бар барлық тапсырмаларды көрсетеді.

- Күту
- Жариялау
- Аяқталды
- Кідірілді
- Кідіруде
- Болдырылмауда
- Күтуде
- Қайтарылуда



Тапсырма күйінің дисплейі автоматты түрде жаңартылмайды. Дисплейді жаңарту үшін, Internet Explorer қолданбасында [Refresh] тармағын басыңыз.


Ескертпелер

- Іздеу опцияларын пайдалансаңыз, көрсетілген іздеу элементтері мен күйіне байланысты іздеу нәтижелерінің тапсырмалар тізімі пайда болады.
- Толық мәліметті тапсырма ақпаратын көрсету үшін тексергіңіз келген тапсырманың [Details] басыңыз.

Тапсырманы өңдеу күйін тексеру

Тапсырманы өңдеу күйін тексеру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

- 1 EPSON Total Disc Monitor іске қосады.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Unfinished Job] қойындысын немесе [Finished Job] қойындысын басыңыз.
[Unfinished Job] экраны немесе [Finished Job] экраны пайда болады.



[Unfinished Job] экраны: Күтуде, Жариялануда, Кідірілді, Кідірілуде, Болдырылмауда, Күтуде немесе Қайтарылуда күйі бар тапсырмалар тізімін көрсетеді.

[Finished Job] экраны: Жарияланды күйі бар тапсырмалар тізімін (соңғы 50 тапсырма) көрсетеді.

Кідірілген тапсырмалар

Тапсырма өңделіп жатқанда, диск қақпағының операциясын немесе өнім құрылғысының операциясын орындармас бұрын тапсырма өңдеуін кідіртуді ұмытпаңыз.

Тапсырманы кідірту үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.



Тек Күтуде, Жариялануда, Күтуде немесе Қайтарылуда деген күйі бар тапсырманы ғана кідіртуге болады.

1

EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.


Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.

2

Өңдеу жұмысын уақытша тоқтатқыңыз келген тапсырманы таңдаңыз, және



[Pause] түймесін басыңыз.



Тапсырма кідірілгенде, тапсырма күйі дисплейі "Кідірілуде" күйінен "Кідірілді" күйіне өзгертіледі.



- Егер жарияланып жатқан диск бар болса, тапсырма процесс аяқталғаннан кейін уақытша тоқтатылады.
- Тапсырма тоқтатылып тұрған кезде келесі тапсырмалардың ешбірін орындау басталмайды.

Ескертпелер

Кідірілген тапсырманы таңдау және  [Cancel] түймесін басу өңдеу процесін жалғастырмастан тапсырманы болдырмауға мүмкіндік береді.


Тапсырмаларды жалғастыру

Кідірілген тапсырманың өңдеу процесін жалғастыру үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.



Тек "Кідірілді" немесе "Кідірілуде" күйі бар тапсырманы ғана жалғастыруға болады.

- 1 EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Өңдеу жұмысын жалғастырғыңыз келген тапсырманы таңдаңыз, және  [Resume] түймесін басыңыз.



Тапсырма жалғастырылғанда, тапсырма күйі дисплейі "Кідірілді" күйінен "Күтуде" күйіне өзгертіледі.


Тапсырмаларды болдырмау

Тапсырманың өңдеу процесін болдырмау үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.




Тек "Күтуде", "Жариялануда", "Кідірілді", "Кідірілуде", "Күтуде" немесе "Қайтарылуда" деген күйі бар өздігінен жарияланған тапсырмаларды ғана болдырмауға болады.

- 1 EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Болдырылмауы қажет тапсырманы таңдаңыз және  [Cancel] түймесін басыңыз.



- 3 [Yes] түймесін басыңыз.



Тапсырма болдырылмағанда, тапсырма дисплейі [Unfinished Job] экранынан жоқ болады.



Егер диск жарияланып жатқан болса, процесс тоқтап, диск шығару жинақтауышына шығарылады. Дискіні міндетті түрде шығарыңыз. Дискілерді шығару процедурасы туралы нұсқаулықтағы 109-беттегі "Дискілерді шығару" ішінен қараңыз.


Басымдық бойынша жариялау

Бірден көп тапсырма жарияланып жатқан кезде қандай да бір тапсырманы басқа тапсырмалардан бұрын орындау қажет болса, төмендегі процедураны пайдаланыңыз.




Тек өздігінен жарияланған тапсырмаларды ғана болдырмауға болады.

- 1 EPSON Total Disc Monitor іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 52-бетіндегі "EPSON Total Disc Monitor іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 Басымдық бергіңіз келген тапсырманы таңдап,  [Priority Publishing] түймесін басыңыз.



Таңдалған тапсырма ағымда орындалып жатқан тапсырмадан кейін орындалады.



Ескертпелер

Шүмек тексерісі, басып шығару басын туралау және басып шығару позициясын туралау секілді операциялардан бұрын ешбір операцияға басымдық берілмейді.


Қолайлы мүмкіндіктер

Жеке кескіндерді пайдаланып затбелгілерді жасау


EPSON Total Disc Maker көмегімен тіркелген суреттерді немесе жеке кескіндерді пайдаланып затбелгілерді жасай аласыз.

Ескертпелер Оқылатын файлдар түрлері - BMP, JPEG, TIFF және PNG.

- 1** EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2** [Background] түртіңіз.




- 3 [Type] мәні ретінде [Image] параметрін таңдаңыз, содан кейін оң ретінде кірістіргіңіз келетін кескіні бар қалтаны көрсету үшін ... басыңыз.




Бір жолда бейнеленген суреттердің сандарын өзгерту үшін [Number of Segments] параметрін орнатыңыз.

Ескертпелер




4 Кескінді таңдап, кейін [Apply] тармағын түртіңіз.

Таңдалған кескін өң ретінде көрсетіледі.



5 Пішімін қажетінше теңшеңіз.

Толық мәліметті EPSON Total Disc Maker Анықтама бөлімінен қараңыз.




Параметр элементі	Сипаттама
Пішім	Кескіндерді пішімдеу әдісін таңдаңыз.
Кесу	Кескіндерді кеседі.
Кескінді теңшеу	Кескіндерді жарықтығы мен контрастын теңшейді.


Жапсырма үлгілерін жасау

Үлгі ретінде жасаған жапсырманы сақтай аласыз.

- 1 Жапсырманы EPSON Total Disc Maker құрылғысында жасаңыз.
Жапсырмаларды жасау процедуралары туралы бұл нұсқаулықтың 94-бетіндегі "Жапсырмаларды жасау" ішінен қараңыз.



- 2 [File] мәзірінде [Save As Template] түймесін басыңыз, үлгі файлды сақтаңыз.



[Template] экранындағы [Source] ішінде үлгі файлды сақтаған қалтаның атын көрсетсеңіз, жасалған үлгіні таңдай аласыз.


Көшірмелерді тікелей дискілерден жасау

Клиент компьютерінің жетегіне салынған CD/DVD дискісінен CD/DVD көшірмелерін жасай аласыз.



- Көшірменің көзі ретінде, MMC4 форматына үйлесімді пәрмендерге қолдау көрсететін және MMC4 форматына үйлесімді операцияларды орындай алатын CD/DVD жетегін пайдаланыңыз. (Операцияны өткізу үшін жарамды деп танылған жетектердің тізімін Epson веб-сайтынан қараңыз.)
- Бастапқы көз ретінде қолданылатын CD/DVD жетегінің үлгісіне байланысты CD/DVD көшірмелері жасалмауы мүмкін. Ондай жағдайда, бастапқы CD/DVD жетегін өзгертуге тырысыңыз.
- Бастапқы диск көп сеансты CD/DVD дискілері болса, көшіру мүмкін емес.
- Бастапқы диск бумасына жазылған CD дискісі болса, көшіру мүмкін емес.


1 Компьютердің жетегіне көшірмесін жасағыңыз келген дискіні салыңыз.




2 EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.

Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.

3 [Type] үшін [Copy] таңдаңыз және [Apply] түймесін басыңыз.



4 [Source] үшін [Drive] таңдаңыз және дискіні салған жетектің атын таңдаңыз.



Содан кейін, диск жасаудың қалыпты процедурасын орындаңыз және жапсырмасын (нұсқаулықтың 94-бет-бетін қараңыз) жасап, дискті жариялаңыз (нұсқаулықтың 106-бет-бетін қараңыз).


Диск кескіні файлдарынан көшірмелер жасау

Диск кескіні файлын CD/DVD көшірмелерін жасау үшін пайдалана аласыз.


Ескертпелер

Жазу дерегін тіркегеннен кейін [File] мәзірінің [Create Disc Image] түймесін бассаңыз (нұсқаулықтың 90-бет-бетін қараңыз), диск кескінінің файлын жасай аласыз.

- 1 EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Type] үшін [Copy] таңдаңыз және [Apply] түймесін басыңыз.



- 3** [Source] үшін [Disc Image] таңдаңыз, [Browse] түймесін басып, диск кескінінің файлын көрсетіңіз.



Содан кейін, диск жасаудың қалыпты процедурасын орындаңыз және жапсырмасын (нұсқаулықтың 94-бет-бетін қараңыз) жасап, дискті жариялаңыз (нұсқаулықтың 106-бет-бетін қараңыз).

Дәл сол дискілерді жарияланған дискілер ретінде жасау


Тапсырманы қайта жариялау бұрын жасаған дискімен бір мазмұндағы (дерек/жапсырма) дискілерді оңай жасауға мүмкіндік береді.



- Сатып алуға болатын бағдарламалық жасақтамадан басып шығарылған дискімен бірдей диск жасау мүмкін емес.
- Тапсырма жарияланып жатқанда тапсырма дерегі сақталған болса ғана бірдей диск жасауға болады. (Осы нұсқаулықтағы 108-бет бөлімін қараңыз.)
- Егер Auto Data (Автоматты дерек) (Жариялау күні немесе жарялау уақыты) жапсырманың басып шығару дерегі ретінде енгізілсе, тапсырма дерегін сақтау мүмкін емес.
- Өнімнің ішкі қатты дискісіндегі ақаулыққа байланысты спул дерегі жоғалған кездегі сақтық шаралары ретінде, дерек файлын және жазу дерегін компьютерге сақтау үшін EPSON Total Disc Maker сақтау функциясын пайдаланғаныңыз жөн.


- 1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2 Басқа диск жасағыңыз келген тапсырманы табу үшін іздеу опцияларын пайдаланыңыз.

Тапсырманы жасауға болатын уақытта,  көрсетіледі.



Тапсырманың күйі "Ақталды" болғанда дәл сондай диск жасау мүмкіндігі туады.

3 [Details] түймесін басыңыз.



4 [Republish] түймесін басыңыз.

The screenshot shows the 'Disc producer' software interface. At the top, the user name is 'EpsonUser1'. The 'Job management' tab is selected. The 'Job details' section is displayed, showing 'Disc information' and 'Basic information'. The 'Data' section lists three folders: 'sample_data_1', 'sample_data_2', and 'sample_data_3'. The 'Disc type' is 'Data CD' and the 'Size' is 346.1 MB. The 'Basic information' section shows 'Job name: sample_data', 'Date published: Dec 3, 2008 20:02:07', 'Last updated: Dec 3, 2008 20:03:26', and 'Status: Completed'. The 'Publishing information' section shows 'Job type: Publish', 'Write verification: None', 'Write speed: 40 X', 'Number of discs to be published: 1 Disc(s)', and 'Number of discs published: 1 Disc(s)'. The 'Finished Job Details' section shows 'Publishing was completed.' and a 'Republish' button.

5 [Number of discs to be published] мәнін қажетінше өзгертіп, [Publish] түймесін басыңыз.

The screenshot shows the 'Disc producer' software interface. At the top, the user name is 'EpsonUser1'. The 'Job management' tab is selected. The 'Job details' section is displayed, showing 'Disc information' and 'Basic information'. The 'Data' section lists three folders: 'sample_data_1', 'sample_data_2', and 'sample_data_3'. The 'Disc type' is 'Data CD' and the 'Size' is 346.1 MB. The 'Basic information' section shows 'Job name: sample_data', 'Date published: Dec 3, 2008 20:21:09', 'Last updated: Dec 3, 2008 20:21:09', and 'Status: Registered'. The 'Publishing information' section shows 'Job type: Publish', 'Write verification: None', 'Write speed: 40 X', 'Number of discs to be published: 3 Disc(s)', and 'Number of discs published: 0 Disc(s)'. The 'Publish' button is highlighted.

6 [OK] түймесін басыңыз.



Дискіні жариялау процесі басталады.



Өңделуі қажет тапсырмалар болса, дискіні жариялау процесі тапсырмалар жарияланған тәртіппен басталады.

7 Жариялау процесі аяқталғанда, жарияланған дискілерді шығарыңыз. Мәліметтер алу үшін бұл нұсқаулықтың 109-бетіндегі "Дискілерді шығару" бөлімін қараңыз.


Басып шығару түстерін баптау

Бұл бөлім басып шығару дерегінің түстерін және басып шығару жапсырмасын қалай баптау қажеттігін түсіндіреді.


Ескертпелер

- Нақты деректің түсін баптамай-ақ, басып шығару кезінде түс баптауларын жасай аласыз.
- Принтер драйверінің [Main] экранында [Mode Setting] мәні [Black] болып орнатылса, түс баптауын орындау мүмкін емес.

- 1 Принтер драйверінің параметр экранын көрсетеді.
Көрсету процедурасын бұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "Принтер драйверінің экранын көрсету" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Color] таңдап, [Color Settings] түймесін басыңыз.



- 3** [Color Controls] таңдап, әрбір түс элементін орнатыңыз, содан кейін [OK] түймесін басыңыз.



Mode	[Mode] параметрлеріне сәйкес басып шығару үшін деректің түс балансын баптаңыз.	
	Photo-realistic	Басып шығаруға арналған принтер драйверінің стандартты түс реттеуін пайдаланады. Түстің табиғилығын арттыру үшін түс өңдеуін жүзеге асырады.
	Vivid	Түстердің қанықтылығын арттыру үшін түс өңдеуін жүзеге асырады.
	EPSON Standard	Еpson ұсынған стандартты түстерді пайдалану үшін түс өңдеуін жүзеге асырады.
	Adobe RGB	Түс кеңістігін кеңейту үшін Adobe RGB көмегімен түс өңдеуін жүзеге асырады. Бұл опцияны, мысалы, құрамында Adobe RGB түс кеңістігі туралы ақпараты бар деректі басып шығару үшін таңдаңыз.
Brightness	Бүкіл кескіннің жарықтығын баптаңыз. Бұл кескіннің қараңғы немесе жарық күйінде пайдалы.	
Contrast	Кескіннің контрасттық коэффициентін баптаңыз. Стандарт - 0. Сырғытқыны (+) плюс бағытына қарай жылжытсаңыз, контраст деңгейі жоғарылап, кескіндегі жарық жерлерді одан да жарық, ал қараңғы жерлерін одан да қараңғы ете түседі. Сырғытқыны минус (-) бағытына қарай жылжытсаңыз, контраст деңгейін төмендетіп, кескіннің жарық жерлері мен қараңғы жерлерінің айырмашылығын азайтады.	
Saturation	Кескіннің қанықтық коэффициентін баптаңыз. Стандарт - 0. Сырғытқыны плюс (+) бағытына қарай жылжытсаңыз, түстердің қанықтығын арттыра түседі. Сырғытқыны минус (-) бағытына қарай жылжытсаңыз, түстердің қанықтық деңгейін төмендетіп, сұр түске жақын түссіз кескінге себеп болады.	
Cyan	- параметрі: Қызыл түс басым болады. + параметрі: Көгілдір түс басым болады.	
Magenta	- параметрі: Жасыл түс басым болады. + параметрі: Таңқурай түсі басым болады.	
Yellow	- параметрі: Көк түс басым болады. + параметрі: Сары түс басым болады.	

Заттаңбаларды басып шығару/біріктіру функциясын пайдаланып деректерді жазу

Біріктіру функциясымен әр диск үшін басылып шығарылатын ақпаратты және дискіге жазылатын деректерді көрсету үшін CSV файлын жасауға болады.

Бұл функцияның 3 түрлі қолданылу жолы бар. Қосымша ақпарат алу үшін EPSON Total Disc Maker бағдарламасындағы анықтаманы қараңыз.

1-қолданыс: Біріктіру функциясы (заттаңбаны басып шығару)

Дискілердегі әр түрлі сандарды және штрих кодтарды басып шығарыңыз.


Конфигурациялау процедурасы туралы қосымша ақпаратты 133-беттегі "Біріктіру функциясы (заттаңбаны басып шығару)" бөлімінен қараңыз.



2-қолданыс: Біріктіру функциясы (деректер файлы)

Әр дискіге әртүрлі деректерді жазыңыз.


Конфигурациялау процедурасы туралы қосымша ақпаратты 137-беттегі "Біріктіру функциясы (деректер файлы)" бөлімінен қараңыз.



3-қолданыс: Біріктіру функциясы (диск кескіні)

Бір мезгілде әр дискке әртүрлі диск кескін файлдарын жазыңыз.

Конфигурациялау процедурасы туралы қосымша ақпаратты 141-беттегі "Біріктіру функциясы (диск кескіні)" бөлімінен қараңыз.



Шектеулер

Біріктіру функциясы келесі шектеулерге ие.

Бір уақытта басып шығарылатын дискілердің саны

Бір уақытта Біріктіру функциясы бар 100-ге дейін дискілерді басып шығаруға болады.

Бір уақытта заттаңбада жасала алатын элементтердің саны

Келесі кестеде бірыңғай заттаңбада жасалуы мүмкін элементтердің саны көрсетілген.

Элемент	Элемент атауы	Шектеу
Таңбалардың максималды саны	Мәтін	1024 таңба (2048 байт)
Элементтердің максималды саны	Нобай кескіндер	10
	Кескіндер	50
	Барлық элементтер	Жалпы саны 255

Біріктіру функциясы қолдайтын элементтердің түрлері

Біріктіру функциясы мәтінді және штрих кодтарды қолдайды.

CSV файлдары

Біріктіру функциясымен пайдалануға болатын CSV файлдарының үлгілері келесі қалтада болады.

EPSON Total Disc Maker орнату қалтасы (әдепкі параметр):

- 32-бит операциялық жүйе: C:\Program Files\epson\Total Disc Maker\sample
- 64-бит операциялық жүйе: C:\Program Files (x86)\epson\Total Disc Maker\sample

Баған атаулары						
No	Title	Subtitle	Host Location	Date	Files	
121002	Coaching and Consultation	Risk Management - Why and How	ABCD Workshops, Inc.	ABCD Training Center, CA	10/1/2012	d:\data\121002
121003	Coaching and Consultation	Coaching Vs. Mentoring	ABCD Workshops, Inc.	ABCD Training Center, CA	10/2/2012	d:\data\121003
121004	Coaching and Consultation	Building Blocks of an Effective Team	ABCD Workshops, Inc.	ABCD Training Center, CA	10/2/2012	d:\data\121004
121005	Coaching and Consultation					d:\data\121005
121006	Coaching and Consultation					d:\data\121006
121007	Coaching and Consultation	The Golden Rule to Effective Leadership	ABCD Workshops, Inc.	ABCD Training Center, CA	10/4/2012	d:\data\121007
121008	Coaching and Consultation	Leadership Vs. Management 101	ABCD Workshops, Inc.	ABCD Training Center, CA	10/4/2012	d:\data\121008
121009	Coaching and Consultation	The Secret to Effective Meetings	ABCD Workshops, Inc.	ABCD New York Center	10/4/2012	d:\data\121009
121010	Coaching and Consultation	Time Management for Coaches	ABCD Workshops, Inc.	ABCD New York Center	10/4/2012	d:\data\121010

Біріктірілетін мәтіндік деректер, біріктірілетін деректер жолдары және т.б.

Төмендегі кестеде қолдануға болатын CSV файлдарына қатысты шектеулер көрсетілген.

Элемент	Шектеу
1ші жол	Баған атауларын көрсетуі тиіс
Жолдардың максималды саны*	101
Бағандардың максималды саны*	257


*: CSV файлындағы жолдардың максималды санын немесе бағандардың максималды санынан асатын деректер оқылмайды.

Баған атаулары жолдардың максималды санына қосылады.

Конфигурациялау процедурасы

Біріктіру функциясы (заттаңбаны басып шығару)


- 1** Біріктіргіңіз келетін ақпаратты қамтитын CSV файлын жасаңыз.
бұл нұсқаулықтың 132-бетіндегі "CSV файлдары" бөлімін қараңыз.
- 2** EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 3** Заттаңба көрінісін таңдап, [Edit Item] қойындысын нұқыңыз.



- 4** Құралдар тақтасында **A** [Text] түймесін басып, біріктірілген мәтінді орналастырғыңыз келетін орынды басыңыз.
Мәтіндік элемент өңдеу аумағында пайда болады.
Штрихкод элементін біріктіру үшін  [Barcode] түймесін басыңыз.


5 [Auto Insert Data...] түймешігін түрттіңіз.

Auto Insert Data экраны пайда болады.




6 Авто деректер тізімінде [Merge Print] тармағын таңдап, [Specify CSV file] түймешігін басыңыз.


Manage Merge Data экраны пайда болады.




- 7** Мәтін элементінде біріктіргіңіз келетін бағанның атауын таңдау үшін [Column Name] параметрін пайдаланыңыз, содан кейін [OK] түймесін басыңыз.



- 8** Мәтін элементінде біріктіргіңіз келетін бағанның атауын таңдау үшін [Column Name] параметрін пайдаланыңыз, содан кейін [OK] түймесін басыңыз.




9 Пішім тексеру аяқталған кезде, [OK] түймешігін басыңыз.



Ескертпелер

- Қате табылса, [Cancel] түймесін басып, CSV файлын түзетіңіз.
- Түзетілген CSV файлын оқу үшін, Біріктіру деректерін басқару экранында [Update] түймешігін басыңыз.

10 Таңдалған баған атауы үшін деректердің мәтін элементіне біріктірілгенін растаңыз. Басқа бағандардың мазмұнын біріктіруді жалғастыру үшін, 8-ден 10-ға дейінгі процедураларды қайталаңыз.




Ескертпелер

Өңдеу аумағында 1-дискіге арналған жапсырмада ғана басып шығарылатын деректер пайда болады.


Бұдан кейін дискілерді жариялаудың қалыпты процедурасын орындаңыз (осы нұсқаулықтағы 106-бет қараңыз).

Біріктіру функциясы (деректер файлы)


- 1** Біріктірілген деректер сақталатын қалтаға толық жолды көрсететін CSV файлын жасаңыз.
бұл нұсқаулықтың 132-бетіндегі "CSV файлдары" бөлімін қараңыз.
Әр диск үшін бір қалтаны белгілеуге болады.
- 2** EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 3** Диск көрінісіндегі [Type] қойындысында [Data BD], [Data DVD] немесе [Data CD] тармағын таңдап, [Apply] түймесін басыңыз.




- 4** [Edit Data] қойындысында [Auto Insert Data...] түймесін түртіңіз.
Auto Insert Data экраны пайда болады.




- 5** [Specify CSV file] түймесін түртіңіз.
Manage Merge Data экраны пайда болады.




- 6** [Browse] түймешігін басыңыз, содан кейін 1-рәсімде жасаған CSV файлын таңдаңыз. Жарияланғыңыз келетін жолдар үшін құсбелгілерді таңдап, [OK] түймесін басыңыз.



- 7** [Volume Label] үшін біріктіргіңіз келетін деректер файлының дыбыс белгісі бар баған атауын таңдап, [Write data] толық жолы бар баған атауын таңдап, [OK] түймесін басыңыз.




8 Пішім тексеру аяқталған кезде, [OK] түймешігін басыңыз.



Ескертпелер

- Қате табылса, [Cancel] түймесін басып, CSV файлын түзетіңіз.
- Түзетілген CSV файлын оқу үшін, Біріктіру деректерін басқару экранында [Update] түймешігін басыңыз.

9 Жазылатын деректердің Диск көрінісіндегі [Edit Data] қойындысында пайда болатындығын растаңыз.



Ескертпелер

- Тек бірінші дискіге жазылатын мазмұн пайда болады.
- CSV файлымен көрсетілген біріктірілген деректер  арқылы көрсетіледі.

Бұдан кейін дискілерді жариялаудың қалыпты процедурасын орындаңыз (осы нұсқаулықтағы 106-бет қараңыз).

Біріктіру функциясы (диск кескіні)


- 1 Жазғыңыз келетін диск кескіні файлының толық жолын көрсететін CSV файлын жасаңыз.

бұл нұсқаулықтың 132-бетіндегі "CSV файлдары" бөлімін қараңыз.

Ескертпелер


Әрекеттің кепілдігі Total Disc Maker құрған диск бейне файлдарына (iso файлдарына) ғана қатысты.

- 2 EPSON Total Disc Maker іске қосыңыз.
Іске қосу процедурасын бұл нұсқаулықтың 42-бетіндегі "EPSON Total Disc Maker іске қосу" бөлімінен қараңыз.
- 3 Диск көрінісіндегі [Type] қойындысында [Copy] тармағын таңдап, [Apply] түймесін басыңыз.




4 [Copy] қойындысында [Disc Image] параметрін таңдап, [Auto Insert Data ...] түймесін басыңыз.


Auto Insert Data экраны пайда болады.




5 [Specify CSV file] түймесін түртіңіз. Manage Merge Data экраны пайда болады.




- 6** [Browse] түймешігін басыңыз, содан кейін 1-рәсімде жасаған CSV файлын таңдаңыз. Жарияланғыңыз келетін жолдар үшін құсбелгілерді таңдап, [OK] түймесін басыңыз.



- 7** [File Path] үшін жазылатын диск кескін файлына толық жолды таңдап, [OK] түймесін басыңыз.




8 Пішім тексеру аяқталған кезде, [OK] түймешігін басыңыз.



Ескертпелер

- Қате табылса, [Cancel] түймесін басып, CSV файлын түзетіңіз.
- Түзетілген CSV файлын оқу үшін, Біріктіру деректерін басқару экранында [Update] түймешігін басыңыз.

9 Жазғыңыз келетін диск кескінінің файлы үшін [Disc Information] астында диск туралы ақпаратының пайда болатындығын растаңыз.



Ескертпелер

Тек бірінші дискіге арналған диск туралы ақпарат пайда болады.

Бұдан кейін дискілерді жариялаудың қалыпты процедурасын орындаңыз (осы нұсқаулықтағы 106-бет қараңыз).

Техникалық қызмет көрсету


Техникалық қызмет көрсету ақпаратын тексеру

Бұл тарау техникалық қызмет көрсету кезінде пайдалы ақпаратты қалай тексеру қажеттігін және өнімді қалай қызмет көрсетілуі қажеттігін түсіндіреді.


Құрылғы ақпаратын тексеру

Ішкі жетектің қолданыс күйін тексеру үшін және жарияланған дискілердің санын тексеру үшін мынадай процедураны пайдаланыңыз.

- 1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Maintenance] қойындысын басыңыз.



1-ші және 2-ші жетектердің қолданыс күйлері және жарияланған дискілердің саны [Device] экранында пайда болады.



Ескертпелер


Сіз, сондай-ақ, 1-ші және 2-ші жетектердің қолданыс күйлері және жарияланған дискілердің санын EPSON Total Disc Setup экранындағы [Properties] бөліміндегі [Maintenance Info] қойындысын басу арқылы көрсете аласыз.

Операциялар журналын жүктеп алу


Бұл өнімнің операциялар мен әрекеттер тарихы операция журналы ретінде жазылады. Операциялар журналының файлын операцияның 30 күні ішінде жүктеп алуыңызға болады. Операциялар журналының файлын техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін пайдаланыңыз.

операциялар журналының файлын жүктеп алу үшін келесідей процедураны пайдаланыңыз.

- 1 EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіріңіз.
Жүйеге кіру процедурасын бұл нұсқаулықтың 57-бетіндегі "EPSON Total Disc Net Administrator жүйесіне кіру" бөлімінен қараңыз.
- 2 [Maintenance] экранындағы [Data] қойындысын басыңыз.



- 3 [Download] түймесін басыңыз.



- 4 Операциялар журналының файлын сақтауға арналған орынды көрсетіңіз және операциялар журналының файлын сақтаңыз.

Сия картридждерін ауыстыру

Сия деңгейін тексеру

Тіпті бір сия картриджін ауыстыру уақыты жақындаған кезде, басып шығару мүмкін болмайды.

Сия картридждерін ауыстыру уақыты болған кезде, СКД экранында жақын уақытта сия картридждерін ауыстыру қажеттігін хабарлайтын хабар көрсетіледі. Егер осы хабар көрсетілсе, жаңа сия картридждерін дайындаңыз. Сияның жарық диод шамы жанғаннан кейін жапсырмалардың басып шығарылуын жалғастыра аласыз.

Сия картридждерін ауыстыру уақыты болған кезде, сия бітуінің алдында басып шығару дереу тоқтап, СКД экранында сия картридждерін ауыстыру қажеттігі жөнінде мәлімдейтін хабар көрсетіледі. Сия картриджін ауыстыру процедурасын бұл нұсқаулықтың 149-бетіндегі "Сия картридждерін ауыстыру" бөлімінен қараңыз.

Ескертпелер

Егер де әкімші хабарландыруды электрондық пошта бойынша жіберу функциясын орнатса, сия картридждерін жақын уақытта ауыстыру қажеттігі немесе сия картридждерін ауыстыру қажеттігі жөнінде әрбір әкімшіге хабарландыру үшін, электрондық пошта хабары жіберіледі.

Сия деңгейлерін EPSON Total Disc Monitor бағдарламасында тексеруге болады. EPSON Total Disc Monitor туралы толық мәліметті анықтамалық файлдан таба аласыз.

Ескертпелер

- Сия картридждері алғаш рет орнатылғанда (орнату кезінде), сия толтыру үшін пайдаланылады, сондықтан, сия картриджі қалыпты жағдайдан ертерек ауыстырылуы мүмкін.
- Принтер драйверінде Black (Қара) таңдалған болса, басып шығару және басып шығару басының сапасын қолдау үшін жұмыс барысында барлық сия түстері қолданылады.
- Өнім, басып шығару басының сапасын сақтау мақсатында сия толық бітпей тұрып-ақ жұмысын тоқтатады. Сондықтан, сия картриджінде біршама сия қалады.

Сия картридждерін ауыстыру

Осы бөлімде таңқурай түсті мысал ретінде пайдаланып сия картридждерін ауыстыру амалы сипатталады. Басқа түстер үшін ауыстыру орындары әртүрлі, алайда процедура барлығы үшін бірдей болып табылады.

Сия картриджінің үлгі нөмірлерін бұл нұсқаулықтың 187-бетіндегі "Сия картриджі" бөлімінен қараңыз.




- Epson компаниясының картриджтерін пайдаланған дұрыс. Epson картриджінен басқа картридж пайдалансаңыз, түрлі ақаулықтар пайда болуы мүмкін, оларға кепілдік берілмейді.
- Epson өнімдерінен басқа өнімдердің сапасы мен сенімділігіне Epson компаниясы кепілдік бермейді. Epson өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалануға байланысты зақымды немесе бұзылғанды жөндеу жұмыстары, кепілдік мерзімі әлі жарамды болса да, тегін болмайды.
- Бұл өнім Epson компаниясының сия картридждерін қолдану негізінде түс реттеуін іске асырады. Epson компаниясының сия өнімдерінен басқа өнімдерді пайдалану басып шығару сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін және өнімнің максималды өнімділігіне кедергі жасайды.
- Сия картридждерінің сия шығаратын тесіктерін төмен қаратып қоймаңыз. Ол үстелдің үстін немесе басқа да беткейді былғауы мүмкін. Сонымен қатар, өнімге тұрып қалған қоқыс оның тиісті түрде жұмыс жасауына кедергі келтіруі мүмкін.
- Сия картридждерін жоғары температура әсер ететін, тоңазытатын немесе тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде сақтамаңыз.

- 1** Сия картриджінің қақпағын ашып, ішкі операциялар тоқтағанша кем дегенде 4 секунд күтіңіз.



Егер сияны 4 секундтан азырақ уақытта алсаңыз, сия сыртқа шашырауы мүмкін.

- 2** Тырс еткен дыбыс естілгенше сия картриджін мұқият басыңыз, құлыпты босатып, турасынан ақырын тартыңыз.






- Сіз шығарып алған сия картриджіндегі сияның кіріс саңылауынан сия ағуы ықтимал.
- Сия картриджі пайдаланылған кезде, сияның кіріс саңылауы айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан оған тиіп кетпеңіз.

3 Сия картриджін қаптамасынан шығарыңыз.




- Басып шығару сапасы жақсы болуы үшін, таза пластик қаптаманы тікелей орнатудың алдында ғана ашыңыз. Картриджді ашқаннан кейін, алты ай ішінде пайдалануға тырысыңыз. Егер ұзақ уақыт ашық күйінде қалған сия картриджін пайдалансаңыз, басып шығару сапасы нашарлауы мүмкін.
- Пластик қаптаманы ашқан кезде сия картриджін түсіріп алмау үшін абай болыңыз. Сия сыртқа төгілуі мүмкін.
- Сия картриджіндегі сияның кіріс саңылауын төмен қараған күйде қалдырмаңыз. Ол үстелдің үстін немесе басқа да беткейді былғауы мүмкін. Сонымен қатар, өнімге тұрып қалған қоқыс оның тиісті түрде жұмыс жасауына кедергі келтіруі мүмкін.
- Сия картриджін қатты шайқамаңыз. Қатты шайқаған жағдайда, сия картриджінен сия ағуы мүмкін.
- Сия картриджіне бекітілген жасыл IC чипіне тиіспеңіз. Сия картриджіне бекітілген жапсырмалар мен таспаларды сыдырып алып тастамаңыз. Ол сия картриджін тиісті түрде орнату, басқару немесе онымен басып шығаруға кедергі жасап не болмаса сия сыртқа ағуы мүмкін.




- Сия картриджін оның сия картриджінде берілген мерзім аяқталмай тұрып пайдаланыңыз.

4 Жапсырма түсін, картридждің орнатылатын жерін тексеру үшін пайдаланыңыз және жаңа сия картриджін, тырс еткен дыбыс естілгенше осы өнімдегі сия картриджінің бекіткішіне мұқият итеріңіз.



- Орнатылған сия картриджін жиі шығарып, кіргізбеңіз. Сия өнім мен сия картриджін былғауы мүмкін.

5 Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.



- Жарық диоды жыпылықтау кезінде қуатты өшірмеңіз немесе сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Бұл әрекеттер сияның тағы да толтырылуына ықпал етеді, ол айтарлықтай сия шығынына алып келеді. Сонымен қатар, тиісті түрде басып шығара алмау қауіп бар.
- Тиісті түрде орнатылмағанына қарамастан сия картридждері анықталмаса, жасыл IC чипінің бетіне шаң тұрып қалуы мүмкін. Оны жұмсақ шүберекпен сүртіп, қайта орнатыңыз.
- Сия картридждері тиісті түрде орнатылғанына қарамастан басып шығару мүмкін болмаса, басып шығару басын тазалаңыз. Басып шығару басын тазалау процедурасын бұл нұсқаулықтың 155-бетіндегі "Басып шығару бастиегін тазалау" бөлімінен қараңыз.
- Құрылғыдағы қуат түймешігі арқылы қуатты өшірсеңіз, басып шығару басы автоматты түрде жабылып, ол сияның кебуін болдырмайды. Сия картридждерін орнатып болған соң, өнімді пайдаланбаған кезде құрылғыдағы қуат түймешігі арқылы қуатты өшіргеніңізге көз жеткізіңіз. Қуат қосулы болған кезде, қуат тығынын шығармаңыз немесе брекерді өшірмеңіз.
- Сия картридждерін орнатқаннан кейін осы өнім жылжытылып немесе тасымалданса, сия картридждерін жылжытылып не тасымалданған кездегі қалпында қалдырыңыз.
- сия картридждерін ауыстырғанша оларды шығармаңыз.

Басып шығару басының шүмектерін тексеру

Басып шығару бастиегінің шүмектері бітеліп қалса, ішінде сия болғанның өзінде басып шығару әлсіз болуы ықтимал немесе өзгеше түстер басып шығарылуы мүмкін. Шүмек тексерісі, саңылаулардың күйін тексеруге арналған үлгіні басып шығарады және де сол үлгіні қарау арқылы саңылаулардың бітелгендігін тексере аласыз.


Шүмек тексерісін орындау жолдары

Шүмек тексерісін орындаудың келесідей екі жолы бар.

- ДК арқылы орындау
- Өнімдегі басқару панелі арқылы орындау

ДК арқылы орындау

- 1 Өнімді қосыңыз.
- 2 Бір басып шығарылмаған дискіні алып, 1-жинақтауышқа орнатыңыз.
- 3 Принтер драйверінің параметр экранын көрсетеді.
Көрсету процедурасын бұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "Принтер драйверінің экранын көрсету" бөлімінен қараңыз.
- 4 [Utility] экранындағы [Nozzle Check] қойындысын басыңыз.
Одан кейін экран нұсқауларын орындаңыз.




Шүмек тексерісінің үлгісі басып шығарылған диск 3-жинақтауыш немесе 4-жинақтауыш ішіне шығарылады.


Шүмек тексерісі нәтижелерін тексеру жолдарын бұл нұсқаулықтың 154-бетіндегі "Шүмек тексерісінің нәтижелерін тексеру" бөлімінен қараңыз.

Өнімдегі басқару панелі арқылы орындау


- 1 Осы өнімнің қуатын қосыңыз.
- 2 [MENU] түймешігін басыңыз.
Жоғарғы мәзір пайда болады.
- 3 Техникалық қызмет экранын көрсету үшін ▲/▼ түймешіктерін пайдаланыңыз және ↶ түймешігін басыңыз.



- 4 [Nozzle Check] көрсету үшін ▲/▼ түймешіктерін пайдаланыңыз және ↶ түймешігін басыңыз.



- 5 Шүмекті тексеру жөніндегі растау хабарламасы пайда болғанда, ↶ түймешігін басыңыз.



Шүмек тексерісінің үлгісі басып шығарылған диск 3-жинақтауыш немесе 4-жинақтауыш ішіне шығарылады.


Шүмек тексерісі нәтижелерін тексеру жолдарын бұл нұсқаулықтың 154-бетіндегі "Шүмек тексерісінің нәтижелерін тексеру" бөлімінен қараңыз.

Шүмек тексерісінің нәтижелерін тексеру

Шүмекті тексеру кезінде басып шығарылған үлгіге қарап, басып шығару бастиегін тазарту қажеттілігін анықтаңыз.

Егер қалыпты болса, барлық жолақтар төменгі сол жақтағы суретте көрсетілгендей басып шығарылады.

Егер төменгі оң жақтағы суретте көрсетілгендей басып шығарылмаған жолақтар болса, онда шүмектер бітеліп қалған. Басып шығару бастиегін тазалау. Бастиекті тазалау процедурасы туралы толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 156-бетіндегі "Басып шығару бастиегін тазалау жолы" бөлімінен қараңыз.



Басып шығару бастиегін тазалау

Басып шығару бастиегінің шүмектері бітеліп қалса, ішінде сия болғанның өзінде басып шығару әлсіз болуы ықтимал немесе өзгеше түстер басып шығарылуы мүмкін. Осы орын алса, басып шығару бастиегін тазалауды орындаңыз. (бұл нұсқаулықтың 156-бетіндегі "Басып шығару бастиегін тазалау жолы" бөлімін қараңыз.)

Ескертпелер

Басып шығару бастиегін тазалау сияны шығындайды. Басып шығару бастиегін тазалау алдында, шүмектердің бітелгеніні немесе бітелмегенін тексеру үшін, шүмек тексерісін орындауға болады. Ол басып шығару бастиегін тазалау барысында сия шығындалуының алдын алуға мүмкіндік береді. Шүмек тексерісі туралы мәліметтер үшін бұл нұсқаулықтың 152-бетіндегі "Басып шығару басының шүмектерін тексеру" бөлімін қараңыз.

Қалыпты



Бітелген



Басып шығару бастиегінің құрғау себептері және оның шешімдері

Себебі	Алдын алу
Автоқалам мен қаламсап қақпақтармен қамтылатындай, осы өнім де басып шығару бастиегін құрғап кетуден алдын алатын қақпақпен қамтылады. Әдетте, басып шығару бастиегі, басып шығару аяқталғаннан кейін автоматты түрде қақпақпен жабылады, алайда өнім жіберілген кезде қуат кенеттен өшіп қалса, қақпақ тиісті түрде жабылмай, басып шығару бастиегі құрғайды.	- Қуат тығынын тікелей қабырғаға бекітілген розеткаға қосыңыз. Оны ажыратқышы бар ұзартқышқа жалғамаңыз. - Қуатты міндетті түрде қуат түймешігі арқылы қосыңыз және өшіріңіз.
Егер осы өнім ұзақ уақыт пайдаланылмаса, ұзақ уақыт ашық қалып, құрғау нәтижесінде жазбай қалатын автоқалам секілді, басып шығару бастиегі де құрғап, бітеле бастайды.	Жиі басып шығару ұсынылады. Басып шығаруды жиі орындай отыра, басып шығару басын оңтайлы күйінде сақтай аласыз.
Егер сия картридждері сыртқа шығарылып, сол күйінде қалып қойса, басып шығару бастиегі құрғап қалады.	Сия картридждерін шығармаңыз және сыртта қалдырмаңыз.

Басып шығару бастиегін тазалау жолы

Бастиекті тазалау – басып шығару сапасын сақтау үшін басып шығару бастиегінің бетін тазалауға арналған функция. Басып шығару нашарлап, басып шығару кезінде бос аралықтар пайда болса, басып шығару бастиегін тазалауды орындаңыз.

Бастиегін тазалауды орындаудың келесідей екі жолы бар.

- ДК арқылы орындау
- Өнімдегі басқару панелі арқылы орындау




- Басып шығару бастиегін тазалау кезінде сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Егер сия картриджінің қақпағы ашылса, басып шығару бастиегін тазалау тоқтатылады.
- Басып шығару бастиегін тазалау сияны шығындайды. Бастиегін тазалауды қажеттіден артық орындаса, сия картридждерінің қызмет мерзімі азаяды.
- Басылып жатқан тапсырма болса, бастиегін тазалау процедурасы тапсырма аяқталғаннан кейін басталады.

ДК арқылы орындау

1 Принтер драйверінің орнату экранын көрсету.

Принтер драйверінің экранын көрсету жолдары туралы толық мәліметті бұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "Принтер драйверінің экранын көрсету" бөлімінен қараңыз.


2 [Utility] экранындағы [Head Cleaning] қойындысын басыңыз. Одан кейін экран нұсқауларын орындаңыз.




BUSY жарық диоды жанады және бастиегін тазалау процесі басталады.
Бастиекті тазалау басталған кезде BUSY жарық диоды өшеді.

Өнімдегі басқару панелі арқылы орындау


- 1 Өнімді қосыңыз.
- 2 [MENU] түймешігін басыңыз.
Жоғарғы мәзір пайда болады.
- 3 Техникалық қызмет экранын көрсету үшін ▲/▼ түймешіктерін пайдаланыңыз және ↶ түймешігін басыңыз.



- 4 [Head Cleaning] көрсету үшін ▲/▼ түймешіктерін пайдаланыңыз және ↶ түймешігін басыңыз.



- 5 Бастиекті тазалау жөніндегі растау хабарламасы пайда болғанда, ↶ түймешігін басыңыз.




BUSY жарық диоды жанады және бастиегін тазалау процесі басталады.
Бастиекті тазалау басталған кезде BUSY жарық диоды өшеді.

Басып шығару бастиегін туралау

Егер басып шығару бастиегін оң жақтан сол жаққа жылжытқанда басып шығару позициясы, басып шығару бастиегін сол жақтан оң жаққа жылжытқан кездегі басып шығару позициясымен тураланбаса, тік жолақтарда бос аралықтар пайда болып, басып шығару нәтижелері анық болмауы мүмкін. Осы орын алса, басып шығару бастиегін туралауды орындаңыз.


- 1** Өнімді қосыңыз.
- 2** Бір басып шығарылмаған дискіні алып, 1-жинақтауышқа орнатыңыз.
- 3** Принтер драйверінің орнату экранын көрсету.
Принтер драйверінің экранын көрсету жолдары бұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "Принтер драйверінің экранын көрсету" бөлімінен қараңыз.
- 4** [Utility] экранындағы [Print Head Alignment] қойындысын басыңыз.



- 5** [Next] түймесін басыңыз.




6 [Print] түймесін басыңыз.




Шүмек тексерісінің үлгісі басып шығарылған диск 3-жинақтауыш немесе 4-жинақтауыш ішіне шығарылады.

7 Басып шығарылған басып шығару бастиегін туралау үлгісін тексеріңіз.



8 Ең аз тік жолақтары бар үлгі санын таңдаңыз.

Жоғарыдағы суретте, ең аз тік жолақтары бар үлгі – “5”, сондықтан таңдайтыныңыз – “5.”
Тексеру мақсатында басып шығару бастиегін туралау үлгісін қайта басып шығару қажет болса, 1-жинақтауышқа дискіні орнатып, [Reconfirm] түймешігін басыңыз.




9 [Finish] түймесін басыңыз.


Басып шығару позициясын түзету

Басып шығару позициясы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа ауыстырылса, басып шығару позициясын баптаңыз.


- 1 Өнімді қосыңыз.
- 2 Бір басып шығарылмаған дискіні алып, 1-жинақтауышқа орнатыңыз.
- 3 Принтер драйверінің орнату экранын көрсету.
Принтер драйверінің экранын көрсету жолдарыбұл нұсқаулықтың 64-бетіндегі "Принтер драйверінің экранын көрсету" бөлімінен қараңыз.
